№1 (493)
31 қаңтар
2024 жыл

Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Осы санда

ҚЫСҚЫ ЗЕРТТЕУ МЕКТЕБІ

ЖАН ЖАРЫММЕН ӨТКЕН БАҚЫТТЫ ЖЫЛДАРЫМ

НОВЫЕ МЕСТА В СТУДЕНЧЕСКОМ ОБЩЕЖИТИИ

Students of the Heriot-Watt International Faculty successfully completed the 1 st academic semester

The rector of the university, Laura Karabasova, specially congratulated the students of the Heriot-Watt International Faculty on the successful completion of the 1st academic semester.

"As the first students of the International Faculty of the Heriot-Watt branch, you occupy a special place in the history of the university. As you know, Heriot-Watt is one of the oldest technical universities in the UK. Study programs that meet high quality standards are the same for branches of this university in Edinburgh, Dubai, Malaysia and Aktobe. All you need to do is study, work, and be in constant search of new knowledge," the rector noted. - "This branch was opened on behalf of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev and you will become its first graduates. Therefore, it is very important that you successfully complete the journey you have begun. Of course, this is not an easy task. There are certain difficulties associated with obtaining two diplomas. Studying in English gives you an additional resource. We are always ready to support you".

Laura Karabasova told the students about the features of the 2nd academic semester and introduced them to the qualified teaching staff who will begin teaching students in special disciplines.

Gulnara Karasha

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ КӨЛЕМДІ СҰҚБАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев "Қазақ газеттері" ЖШС Бас директоры Диқан Қамзабекұлына кең көлемді сұқбат берді. Сұқбаттың толық мазмұны "Egemen Qazaqstan" газетінде жарияланды. Орыс тіліне аудармасы "Казахстанская правда" газетінде шықты.

Сұқбатта еліміздің ішкі-сыртқы саясатына қатысты мәселелер, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Қаңтар қасіреті, қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық, АЭС құрылысы секілді өзекті тақырыптар қозғалды. Сондай-ақ Президенттің жеке өзіне қатысты да кейбір мәселелер айтылды.

"Мен өткен қыркүйектегі Жолдауымда жаңа экономикалық үлгіге көшетінімізді айттым, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есеге арттыру мәселесін басты стратегиялық мақсат ретінде белгіледім. Көп ұзамай Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Онда еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы шығарылып, алдағы жұмыстың амал-тәсілдері айқындалады», — деді Президент деп жазды "Egemen Qazaqstan" сұқбатты жариялағаннан кейін қысқа хабарламасында.

Бұдан соң ол Ұлттық құрылтайдың отырыстары идеология саласындағы мәселелерді, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайын талқылайтын тиімді пікірталас орнына айналғанын айтты. Бұған дейін жаздығүні шақырылып келе жатқан Құрылтайдың отырысы биыл көктемде өтетінін мәлім қылды. Осылайша, биыл экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық салаларда атқарылатын жұмыстың негізгі бағыт-бағдары бірінші тоқсанда-ақ айқындалады.

"Біз ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі салиқалы сыртқы саясатты жалғастырамыз. 2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтеді. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азықтүлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға болмақ. Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз", — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі жалғасатынын сөз етті.

«Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады. Сонымен қатар тарихшылардың пайымдауынша, Жошы ұлысының іргесі қаланғанына — 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл — өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тыңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа.

Осындай маңызды оқиғалардан бөлек, күнделікті атқарылуға тиіс жұмыстар да аз емес. Бұл жылдың ел тарихында қандай орын алатыны барша азаматымыздың ерік-жігеріне де байланысты. Мен жаңажылдық құттықтауымда биыл бәріміз тұтас ұлттың өсіп-өркендеуіне куә болатынымызды айттым. Бірақ осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істеуіміз керек", — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің ел алдында тұрған басым міндеттерді атаған көлемді сұқбаты көпшілік назарын аударды. Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында

"Бүгін “Egemen Qazaqstan” газетінде шыққан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұқбаты қоғамды толғандыратын жаңжақты тақырыптарды қамтыған. Сондай-ақ бұл сұқбаттан еліміздің өткенін, бүгінін және болашағын бағдарлауға болады. «Қаңтар» оқиғасынан кейін жүзеге асырылған саяси, әлеуметтік және экономикалық реформалар және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар бағыты баяндалған.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі ретінде маған Президенттің зорлық-зомбылық тақырыбына байланысты пікірі өте маңызды. Әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен әйел тергеушілер айналысатыны, ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, құзыретінің күшейтілгені, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасын әзірлеп жатқаны — бұл мәселенің тиімді шешіліп жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының қазақ елінің жастарына артқан сенімі — баршамызға қоғам алдындағы жауапкершілікті жүктеп, болашаққа нық сенім береді.

«Еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік — нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар» екенін жастар ойына түйіп алса деймін" — деп жазба жариялады.

ОБЪЕМНОЕ ИНТЕРВЬЮ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА

Глава государства Касым-Жомарт Токаев дал обширное интервью генеральному директору ТОО «Қазақ газеттері» Дихану Камзабекулы. Полное содержание интервью опубликовано в газете «Egemen Qazaqstan». Перевод на русский язык вышел в газете «Казахстанская правда».

Президент дал ответы на вопросы, касающиеся внутренней и внешней политики, социально-экономического развития страны, январских событий 2022 года, семейно-бытового насилия, строительства АЭС. Также были озвучены некоторые вопросы, касающиеся лично главы государства.

«В сентябрьском Послании мною поставлена задача — перейти на новую экономическую модель. В качестве стратегической цели обозначена задача удвоения ВВП к 2029 году. В скором времени состоится расширенное заседание Правительства, на котором мы подведем итоги социально-экономического развития и определим тактику дальнейших действий в этом направлении», — сказал Президент, написала редакция газеты

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

«Egemen Qazaqstan» в коротком сообщении после публикации интервью.

Далее Глава государства отметил, что заседания Национального Курултая стали полезной площадкой для обсуждения вопросов идеологической сферы, формирования нового качества нации, обновления системы ценностей общества. Он сообщил, что заседание Курултая, которое традиционно созывается летом, состоится весной этого года. Таким образом, основные направления работы в экономической, общественно-политической и гуманитарной сферах в этом году будут определены уже в первом квартале.

«Мы продолжим конструктивную и сбалансированную внешнюю политику с учетом национальных интересов государства. В 2024 году в нашей стране пройдет ряд представительных саммитов и форумов. Казахстан будет председательствовать сразу в нескольких авторитетных международных организациях: Шанхайской организации сотрудничества, Организации Договора о коллективной безопасности, Совещании по взаимодействию и мерам доверия в Азии, Организации тюркских государств, Международном фонде спасения Арала, Исламской организации по продовольственной безопасности.

Большим событием станет проведение в Казахстане Всемирных игр кочевников. Они важны как для популяризации национальных видов спорта и здорового образа жизни, так и для расширения культурно-гуманитарных связей между братскими народами — наследниками номадической цивилизации Великой степи», — сказал Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства также отметил, что продолжется традиция чествования выдающихся исторических деятелей нашего народа.

«В этом году исполняется 125 лет со дня рождения знаменитого ученого Каныша Сатпаева и 100 лет со дня рождения прославленных героев Сагадата Нурмагамбетова и Рахымжана Кошкарбаева. Кроме того, по мнению историков, в 2024 году исполнится 800 лет с момента фактического образования Улуса Джучи. В связи с такой знаковой датой, показывающей многовековые корни нашей государственности, будет развернута большая исследовательская работа. В этом году завершится подготовка многотомника по истории Казахстана. Это обстоятельный труд, над которым работает более 200 отечественных ученых и около 60 привлеченных зарубежных специалистов.

Помимо множества важных событий, будет еще больше рутинной каждодневной работы. От усилий всех граждан зависит, каким этот год останется в истории страны. В своем новогоднем обращении я сказал, что в следующем году мы станем свидетелями нового подъема нашей нации, но всем нам придется хорошо поработать для достижения этой цели», - напомнил Президент.

Интервью президента о приоритетных задачах, стоящих перед страной, привлекло большое внимание общественности.

«Интервью главы государства Касым-Жомарта Токаева, опубликованное сегодня в газете «Egemen Qazaqstan», охватило все волнующие общественность темы. Также ответы Президента дают ориентир на прошлое, настоящее и будущее нашей страны. Изложены политические, социальные и экономические реформы и направления предстоящей работы.

Как член Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике, мне очень важно мнение Президента по теме насилия. То, что расследованием преступлений, связанных с насилием над женщинами и детьми, занимаются женщины-следователи, в органах внутренних дел восстанавливается штат и укрепляется компетенция специалистов, занимающихся защитой женщин от насилия, а также разрабатывается законопроект, предусматривающий новые и эффективные меры борьбы с бытовым насилием — говорит о том, что вопрос решается эффективно.

Вместе с тем, возросшее доверие главы государства к молодежи Казахстана — возлагает на всех нас ответственность перед обществом и дает уверенность в завтрашнем дне.

Я хочу, чтобы молодые люди осознали, что трудолюбие, знание, профессионализм, единство, солидарность, сострадание, деловое мастерство, инициативность, честность, простота и бережливость — это качества и ценности, присущие истинно патриотичному, честному гражданину», — написала ректор Zhubanov University Лаура Карабасова на личной странице в социальной сети Facebook.

VOLUMINOUS INTERVIEW OF THE HEAD OF STATE

Head of State Kassym-Jomart Tokayev gave an extensive interview to Dikhan Kamzabekuly, General Director of Kazakh Gazetter LLP. The full content of the interview was published in the newspaper "Egemen Qazaqstan". The Russian translation was published in the newspaper Kazakhstanskaya Pravda.

The President answered questions related to domestic and foreign policy, the socio-economic development of the country, the events of January 2022, domestic violence, and the construction of nuclear power plants. Some questions concerning the head of state personally were also voiced.

" In my September Address, I set the task of transitioning to a new economic model. The strategic goal is to double GDP by 2029. Soon, there will be an extended meeting of the Government, where we will summarize the results of socio-economic development and determine the tactics for further actions in this direction," the editorial board of the Egemen Qazaqstan newspaper wrote in a short message after the publication of the interview.

The Head of State further noted that the meetings of the National Kurultai have become a useful platform for discussing issues in the ideological sphere, the formation of a new quality of the nation, and the renewal of the society's value system. He said that the Kurultai meeting, which is traditionally convened in the summer, will be held this spring. Thus, the main directions of work in the economic, socio-political and humanitarian spheres this year will be determined in the first quarter.

"We will continue a constructive and balanced foreign policy, taking into account the national interests of the country. In 2024, our country will host a number of representative summits and forums. Kazakhstan will chair several authoritative international organizations at once, including the Shanghai Cooperation Organization, the Collective Security Treaty Organisation, the Conference on Interaction and Confidence-Building Measures in Asia, the Organisation of Turkic States, the International Fund for Saving the Aral Sea, and the Islamic Food Security Organisation.

A significant event will be the hosting of the World Nomadic Games in Kazakhstan. They are important both for promoting national sports and a healthy lifestyle and for expanding cultural and humanitarian ties between fraternal peoples, heirs of the nomadic civilization of the Great Steppe.," Kassym-Jomart Tokayev said.

The Head of State also noted that the tradition of honoring outstanding historical figures of our people continues.

" This year is the 125th anniversary of the birth of the famous scientist Kanysh Satpayev and the 100th anniversary of the birth of the famous heroes Sagadat Nurmagambetov and Rakhimzhan Koshkarbayev. In addition, historians note that 2024 marks 800 years since the actual formation of the Ulus Jochi. In connection with such a significant date, showing the centuries-old roots of our statehood, extensive research work will be launched. This year, the preparation of a multi-volume book on the history of Kazakhstan will be completed. This is a thorough work on which more than 200 domestic scientists and about 60 foreign specialists are working.

In addition to many important events, there will be even more routine daily work. The efforts of all citizens will determine how this year will remain in the history of the country. In my New Year's address, I said that next year we will witness a new rise of our nation, but we will all have to work hard to achieve this goal," the President recalled.

The President's interview on the priorities facing the country attracted a lot of public attention.

"The interview of the head of state Kassym-Jomart Tokayev, published today in the newspaper Egemen Qazaqstan, covered all topics of public concern. The President's answers also provide guidance on the past, present and future of our country. The political, social and economic reforms and the directions of the upcoming work are outlined.

As a member of the National Commission on Women's Affairs and Family and Demographic Policy, the President's opinion on violence is very important to me. The fact that women investigators are investigating crimes related to violence against women and children, the staff of the internal affairs bodies is being restored and the competence of specialists involved in protecting women from violence is being strengthened, and a draft law is being developed providing for new and effective measures to combat domestic violence - this indicates that the issue is being resolved effectively.

At the same time, the increased confidence of the head of state in the youth of Kazakhstan places on all of us responsibility to society and gives confidence in the future.

I want young people to realize that hard work, knowledge, professionalism, unity, solidarity, compassion, business skills, initiative, honesty, simplicity and thrift are qualities and values inherent in a truly patriotic, honest citizen," wrote Rector of Zhubanov University Laura Karabasova on her personal Facebook page.

☑ Winter school

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Бүгінгі таңда Қазақстанның мықты университеттері миссиясының орталық бөлігі ретінде ғылымды алып, «research-intensive university» аталуға ұмтылуда. Өз қызметінің мәнін бұрын ең алдымен кадрлар даярлау деп түсінетін университеттер енді білім беруді зерттеулер арқылы қалыптастыратын үлгіге көшуде. Бұл университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына байыппен кіріскенін, ал профессор-оқытушылар құрамының көпшілігі ғылыммен белсенді айналысатынын білдіреді.

Дегенмен, ғылыммен негізінен жақсы ғылыми негіз алған қызметкерлер айналысады, бұл ғылым докторлары мен кандидаттары және Ph.D. докторлары. Өкінішке қарай, оқытушылар арасында ғылыми қызметтен қол үзіп кеткендер де бар.

Ғылыми кадрлардың тапшылығы өңірлік жоғары оқу орындарының күрделі мәселелерінің бірі болып қалуда. Алматы және Астана университеттерінде ғылыми дәрежесі бар қызметкерлердің үлесі 60-80 пайызды құраса, өңірлік жоғары оқу орындарында бұл көрсеткіш 40-50 пайыз арасында ауытқып тұрады. Ғылыммен белсенді және өнімді айналысатын профессор-оқытушылық құрамның және жоба менеджерлерінің саны жылдан жылға айтарлықтай өсіп келе жатқанымен, әлі аз. Ендеше біз адам ресурстарын арттыру және университет ғылымын ынталандыру үшін не істеп жатырмыз? Оның үстіне соңғы 3 жылда мемлекет ғылымға жүйелі және тұрақты қолдау көрсетіп, қаржыландыруды ұлғайтып келеді.

Біріншіден, осыдан 2 жыл бұрын біз алғаш рет «мұғалім-зерттеуші» лауазымын енгізіп, оқытушылық жүктемені азайтып, осы санаттағы әріптестердің жалақысын айтарлықтай арттырдық. Екі жыл ішінде 24 оқытушы осы біліктіліктің иегері атанды.

Екіншіден, өзіміздің ішкі гранттарымызды енгіздік. Жас ғалымдар 12 миллион теңгенің грантына ие болды. Олардың барлығы аймақтық мәселелерге бағытталған жобалармен айналысып, болашақтағы ірі жобалардың ғылыми негізін жасауда.

Үшіншіден, еліміздің түкпір-түкпірінен келген мықты оқытушылар қатысатын тегін ағылшын тілі курстарын енгіздік. Нәтижесінде 40-тан астам адам докторантураға түсті. 2021 жылмен салыстырғанда көрсеткіштер екі есеге өсті. 18 адам Халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен шетелде тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алды.

Ғылыми ортаны ынталандыруға бағытталған университетіміздегі бұрынғы Ғылым апталығы қазір Ғылым айы ретінде аталып өтілуде. Өткен жылдың сәуір айында (ғылым айы болып белгіленген) университетімізде 50-ге жуық ауқымды іс-шара өткізілді. Мысалы, мектеп бітірушілерге арналған «Жұбанов олимпиадасына» Қазақстанның әртүрлі қалаларынан мыңнан астам оқушы қатысты. Жүлде ретінде 36 оқу гранты бөлінді. Балалар өздерін нағыз ғалым ретінде сезіне алатын білім беру квесттері болды. Мұндай шаралар мектеп оқушыларын ғылымға баулиды. Көптеген балалардың ғылымға деген қызығушылығы соншалық, Ғылым айынан кейін олар белгілі ғалымдардың дәрістеріне жазылғысы келді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынып отырған мүмкіндіктерді пайдаланатын педагогикалық ұжым арасында салауатты бәсекелестік артып келеді. Жоғарыда аталған іс-шараларға қоса, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін нығайту аясында біз енді екінші жыл «Қысқы мектепті» өткіздік. Қысқы мектеп аясында оқытушылар ғылыми мақалаларды жариялаудың, диссертацияның жоспарын (зерттеу ұсынысы) құрудың және ғылыми гранттар конкурстарына өтінім берудің заманауи әдістері мен тәсілдеріне үйретілді. Талдау көрсеткендей, шындығында барлық оқытушылар бұл процедуралардың қыр-сырын біле бермейді. Сабақтарды Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының түлектері, сондай-ақ гранттық жобаларға сәтті қатысқан мамандар жүргізді.

Қысқы мектеп идеясы — оқытушылардың көп жылғы тәжірибесіне қарамастан, олардың жақын болашақтағы ғылыми қызығушылықтарын анықтауға және олардың ғалым ретіндегі мүмкіндіктерін ашуға көмектесу. Университетіміздегі ғалымдардың ғылыми жұмыстарының тақырыптарында өңірдің, жалпы еліміздегі өзекті мәселелерді қамтуға тырысамыз. 2024 жылғы ғылыми зерттеуге арналған қысқы мектеп жұмысының нәтижесі алдағы уақытта гранттық жобалар мен қолданбалы ғылыми зерттеулердің көбеюіне әкеледі деп сенеміз!

Лаура Қарабасова
Zhubanov University ректоры,
Білім беру саласындағы Ph.D.

☑ Winter school

Қысқы зерттеу мектебі

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде 8-12 қаңтар аралығында «Қысқы зерттеу мектебі-2024» жобасы өткізілді. Мақсат — оқытушылардың ғылыми-зерттеу бағытында біліктілігін арттыру және өзара тәжірибе алмасуларына жағдай туғызу.

Бұл жобаға оқу орнының 100-ге жуық оқытушысы қатысты.

Жобаны ұйымдастырушы Ғылым және инновациялар департаментінің директоры Ербол Шабанов шараның маңыздылығы жайлы: «Биылғы «Қысқы мектеп» жобасы ғылыми-зерттеу жұмысына бағытталып отыр. Әсіресе жас ғалымдар үшін ғылыми-зерттеу жоспарын әзірлеу, шетелдік басылымдарға ғылыми мақалалар жариялау және гранттық жобаларға өтініш беру жолдарын үйрену өзекті. Бір аптаға жуық уақыт бойы университеттің білікті мамандары қатысушыларға аталған тақырыптарда дәрістер өткізіп, тәжірибелерімен бөлісті. Бұл дағдыларды игеру әріптестерім үшін пайдалы болады деп сенемін», — деді.

Қысқы зерттеу мектебі аясында спикерлер ғылыми гранттық қаржыландыру жобаларына өтінім беру, халықаралық рецензияланған журналдарға мақаланы жүктеу және оны сүйемелдеу жолдарындағы кедергілер, топтық зерттеуді ұйымдастырудағы ұжымдық қарым-қатынас қалыптастыру, ғылыми жобаларды коммерцияландыру, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына өтінім беру тәртібі, тағы да басқа өзекті тақырыптарында форсайт сессия және воркшоптар өткізді.

Сонымен қатар «Денсаулық және салауаттылық» орталығының жетекшісі Анна Гнидиенко қатысушыларға психологиялық тренингтер ұйымдастырды.

Қысқы зерттеу мектебі аясында ғылыми гранттық қаржыландыру жобаларына және шетелдік гранттарға өтінім беру, ғылыми-зерттеу жоспарын (Research Proposal) әзірлеу, шетелдік басылымдарға ғылыми мақалалар жариялау (Scopus, Web of Science), топтық зерттеуді ұйымдастырудағы ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыру, LaTeX жүйесінде ғылыми мақалаларды рәсімдеу тақырыптары қамтылды.

Жобаға қатысушы «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасының аға оқытушысы Сәуле Игильманова курстың ғылыми-зерттеу бағытында кешенді жүргізілгеніне тоқталды.

— Жоба аясында педагогикалық және психологиялық бағытта тренингтер өтті. Зерттеу ұсынысын әзірлеу мен шетелдік гранттарға өтінім берудің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтар берілді. Ғылыми стипендиялар мен «ЖОО үздік оқытушысы» грантына өтінім беруге қойылатын талаптар мен қажет құжаттар түсіндірілді. Халықаралық рецензияланатын журналдарға мақала беру үшін құнды кеңестер алдық. LaTeX бағдарламасының мүмкіндіктері туралы білдік. Курста ұсынылған тәсілдер мен берілген ақпараттарды білім беру, ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруда, тіпті, тұлғалық қасиеттерді дамытуда ұтымды қолданатын боламыз, — деді С.Игильманова.

Zhubanov University
Баспасөз қызметі

☑ Best student

Мақсаты айқын, қадамы нық

Кожабаева Дина Zhubanov University Жоғары колледжінің 4-курс студенті. "Шетел тілі мен әдебиеті мұғалімі (ағылшын, неміс тілі)" мамандығы бойынша білім алып жатыр. Мұғалжар ауданының орталығы Қандыағаш қаласында туып-өскен. Студенттің игеріп жатқан мамандығынан тыс қызығушылықтары көп. Шахматпен кәсіби түрде айналысады, дебат ойындарында ойнайды және мектеп оқушылары мен студенттерді осы салаға дайындайды. Жоғары колледждің белсенді студенті 2022 жылы облыс әкімі стипендиясына жарияланған байқау жеңімпазы. Сонымен қатар дебат ойындары бойынша облыстық, республикалық турнирлердің жүлделі орын иегері, "Үздік төреші", "Үздік ұйымдастырушы" дипломдарымен марапатталған.

Сұқбат кезінде студент Дина Кожабаеваның мақсаты айқын, қадамы нық екені сүйсінтті.

— Дина, жақын таныс-сайық, алдымен Жаңа жыл кешіндегі бас тілегіңіз жайлы білуге бола ма?

— Ең бастысы отбасым мен жақындарымның амандығы. Қалғанына өзім-ақ жетемін!

— Оқып жатқан мамандығыңыз "Шетел тілі мен әдебиеті" мамандығы дедіңіз, неге техникалық мамандық емес?

— Жәй, шахматта жақсы ойнаймын деп айтқасын келген ой ғой...

— Бала кезімнен тілдік курстарға қатысқасын, тілдер үйренуге қабілетім жақсы. Сонымен қатар ағылшын тілінің болашағы жарқын, әлемдік тіл болғандықтан оны оқыған да, білім алушыларға оқытқан да тиімді. Ал техникалық мамандықты жай ғана қаламадым.

— Шетел тілін оқу түсінікті, ал әдебиеті бойынша қандай білім игересіздер?

— Колледжде шет тілдерін оқытудан бөлек, үйден оқу, әдебиеттік оқу секілді пәндер де бар. Онда әртүрлі шетелдік авторлардың кітаптарын оқимыз. Мысалы Джек Лондон, Сомерсет Моэм, Марк Твен, Джейн Остин және де басқаларын. Әрине ағылшын тілінде. Пән оқытушылары өз істерінің нағыз мамандары. Сондықтан білім алушылар шетел әдебиетін оқуға құштар. Соның ішінде ең сүйікті кітабым — әлемнің 100 үздік романы қатарына кіретін Джордж Оруэллдің "1984" романы.

— Бір ұтымдысы, екі тіл игеріп шығады екенсіз, ағылшынмен қатар неміс тілін. Мен кішкене осы жағынан күмәнданып қаламын. Екі басқа тілді бірдей оқып, екеуінен де жақсы маман болып шығуға болады ма? Оқыту методикасы мықты болмаса. Өзіңіздің қай тілге артық икеміңіз бар?

— Негізі адам оқимын десе тек 2 емес, 5, 10 тілді де меңгере алады. Әл-Фараби тіпті 70-ке жуық тіл білген. Ал Жоғары колледжде бірнеше тілді үйренуге барлық жағдай жасалған. Оқытушылар мен оқыту методикасы сапалы. Аптасына 5 күн ағылшын, 4 күн неміс тілін оқытады. Мүмкін сондықтан неміс тілін де тез үйреніп кеттік. Ағылшын тілін көбірек қолданғандықтан осы тіл маған жақынырақ. Оған қоса колледжде Speaking club бар. Онда білім алушылар сабақтан тыс уақытта шет тілдерінде сөйлесіп, тілін жаттықтыра алады.

— Бүгінгі жастардың көбі дебат ойындарымен айналысады екен. Байқағаным. Ең негізгі себеп неде деп ойлайсыз?

— Дебат — ең білімділер ортасы деп есептеймін. Онда пікірсайысшы дұрыс шешім шығаруға, ақпаратты өңдеуге, екі жақты көзқарас қалыптастыруға үйренеді. Ақтөбеде де қазір дебат қозғалысы өте жақсы дамып жатыр. Апта сайын облыстық, қалалық деңгейде турнирлер өтеді. Басқа оқу орындарын білмеймін, бірақ Жоғары колледж ұжымына да, студенттеріне де осы сала ұнайды. Тіпті өзге қалаға пікірсайыс турнирлеріне барғанда да Жоғары колледж әкімшілігі әрдайым қолдау көрсетеді. Пікірсайыс саласын қолдайтын ұстаздардың болуы жас пікірсайысшылардың мотивациясын арттырады. Басты себеп осы деп ойлаймын.

— Колледжде белсенді студент екенсіз. Қандай іс-шаралар қызықты өтеді?

— Колледжде іс-шаралар көп өтеді. Ол белсенді іс-шаралар, көрмелер, жарыстар, турнирлер, интеллектуалды ойындар және тағы сол сияқты. Іс-шаралардың барлығы қызықты. Бірақ маған көбіне мәнерлеп оқу, дебат саласы және интеллектуалды жарыстар ұнағандықтан, көбіне сол сала бойынша белсендімін. Ал жалпы колледжде білім алушылардың тұлғалық дамуына жағдай жасалған. Колледжде сурет салу, би, футбол, волейбол, ән айту, мәнерлеп оқу, дебат, музыкалық аспаптарда ойнау, алғашқы әскери дайындық үйірмелері бар.

— Колледжден кейін қандай жоспар бар?

— Бірінші абыроймен дипломымды аламын. Одан кейін жұмысқа тұрып, қосымша жоғары оқу орнына түсемін.

Гүлнара Қараша

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

ЖАҢА ЗЕРТХАНАЛАР

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде «Механика», «Атомдық физика» және «Электр және магнетизм» зертханалары ашылды. Жаңа зертханалар заманауи құрылғылармен жабдықталған.

Университет ректоры Лаура Қарабасова жаңа зертханаларды аралау барысында алдағы уақытта осындай ғылыми бағытқа негізделген зертханаларды жүйелі түрде көбейту мәселесін қойды.

Зертханаларда студенттерге физика пәнінің негіздерін тәжірибе жүзінде игеру үшін жағдай жасалған. «Механика» зертханасында студенттер заттардың қозғалысы мен өзара әрекеттесу заңдылықтары бойынша тәжірибе жүргізе алады. Мұнда дыбыс толқындарының әсерінен тербелістерді визуализациялауға арналған «Хладни фигуралары» құрылғысы орналасқан. Ал «Атомдық физика» және «Электр және магнетизм» зертханаларында атомдар құрылымын және электромагниттік шамаларды зерттеу барысында эксперименттер жасау мүмкіндігі берілген.

Былтырғы оқу жылында «Астрономия», «Ақпараттық-өлшеу техникасы», «Молекулалық физика», «Физиканы оқыту әдістемесі» зертханалары пайдалануға берілген болатын.

"Физика" кафедрасының меңгерушісі Зухра Аймаганбетова "Оқу кабинеттері мен зертханаларды жабдықтау кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр. Жаңа құралдармен жабдықталған бұл зертханалар студенттер мен магистранттарға физикалық зерттеулер жүргізу үшін қолайлы, — дейді.

НОВЫЕ ЛАБОРАТОРИИ

В Актюбинском региональном университете Zhubanov University открыты лаборатории «Механика», «Атомная физика» и «Электричество и магнетизм». Новые лаборатории оснащены современным оборудованием.

Ректор университета Лаура Карабасова в ходе посещения новых лабораторий поставила вопрос о дальнейшем систематическом увеличении количества лабораторий, основанных на этом научном направлении.

В лабораториях созданы условия для практического освоения студентами основ физики. В лаборатории «Механика» студенты могут проводить эксперименты по законам движения и взаимодействия предметов. Здесь находится устройство «Фигуры Хладни» для визуализации колебаний под действием звуковых волн. А в лабораториях «Атомной физики» и «Электричества и магнетизма» предусмотрена возможность проведения экспериментов по изучению структуры атомов и электромагнитных величин.

В прошлом учебном году были введены в эксплуатацию лаборатории «Астрономия», «Информационно-измерительная техника», «Молекулярная физика», «Методика преподавания физики».

Заведующая кафедрой «Физика» Зухра Аймаганбетова отметила, что оснащение учебных кабинетов и лабораторий новыми инструментами осуществляется поэтапно. Новые лаборатории подходят для студентов и аспирантов для проведения физических исследований.

NEW LABORATORIES

Laboratories "Mechanics", "Atomic Physics" and "Electricity and Magnetism" have been opened at Aktobe Regional Zhubanov University. The new laboratories are equipped with modern equipment.

During a visit to the new laboratories, the Rector of the University, Laura Karabasova, set the task of further systematically increasing the number of laboratories based on this scientific direction.

The laboratories have created conditions for students to learn the basics of physics in practice. In the Mechanics laboratory, students can conduct experiments on the laws of motion and interaction of objects. Here is the device "Chladni Figures" for visualizing vibrations under the influence of sound waves. And in the laboratories of Atomic Physics and Electricity and Magnetism, it is possible to conduct experiments to study the structure of atoms and electromagnetic quantities.

Last academic year, the laboratories "Astronomy", "Information and Measurement Technology", "Molecular Physics", and "Methods of teaching Physics" were put into operation.

The head of the Department of Physics, Zuhra Aimaganbetova, noted that the equipping of classrooms and laboratories with new tools is carried out in stages. The new laboratories are suitable for undergraduate and graduate students to conduct physical research.

☑ Year of the Dragon

Ұлу қандай хай

Ұлу жылы 12 мүшелдік жыл санаудың бесінші жылы. 12 жылдық жыл қайырудағы айдаһар жылының қазақ халқында «ұлу» жылы аталуының түп-төркініне қатысты ой қозғайық. Бүгінде күрмеуі шиеленген Ұлу жылының шешімін археологиялық заттай деректердегі кескіндеме бейнелер, жазба деректер және ауызша фольклорлық деректер береді.

Айдаһар зоология әлемінде бар жануар ма? Айдаһар (грек. Dracon, лат. Boidae) – «жалғанаяқтылар» отрядына жататын ең үлкен, улы емес жылан, оларды қабыршақтылар деп те атайды. Айдаһар, яғни зоологиялық атауымен атасақ анаконда, торлы жыланның тіршілік ортасы ылғалды, тропикалық орман, сол ормандағы табиғи су көздері. Қазақстанда жалғанаяқтылар отрядындағы айдаһар-жыланның екі түрі кездеседі, бірі оңтүстік-батыс өңірдің құрғақ далалы, шөлейітті жерлерінде таралған құм айдаһаршасы (Erys milliaris), екіншісі Каспий теңізінің шығысынан Аралдан Зайсан қазаншұңқырына дейінгі аралықтағы құрғақ далалы, шөлейтті жерлерінде таралған шығыс айдаһаршасы (Erys tataricus).

6-шы жыл кезегін иеленген хайуан зоологиялық тұрғыдан бауырымен жорғалаушылар класының қабыршақтылар отрядының бір тармағындағы жылан (Serpentes), яғни 5-ші жылдағы айдаһарды қайталамайды, екеуі екі бөлек хайуан.

Жыл қайыру, мүшел есебіндегі 5-ші жылдың иесі — аңыз айдаһар!

Аңыз айдаһар жалпы әлем халықтарында аузынан от шашқан, қанатты, ұша алатын, қысқа аяқты жыртқыш жылан немесе қанатты тимсах (қанатты крокодил) бейнесінде кездеседі. «Дракон» — айдаһардың грек тіліндегі атауы, осы атау кейін ежелгі гректер арқылы Еуропа, славян халықтарының тіліне кіріккен. Ежелгі грек аңызында жылан денелі аузынан от шашқан қанатты айдаһармен Геракл (Гидра), Апполлон (Тифон) шайқасып, жеңіске жеткен. Қанатты айдаһар фракий тайпасы — дактардың әскер туының символы болған.

Аңыз бейне қазақ және түркі халықтарында «аждаһа» атауымен де белгілі, оның ертегі-аңыздардағы тіршілік мекені — көбіне су қоймалары.

Ертегілік жер асты суы әлемінде «ғажайып» тіршілік бар екен. Ертегілік айдаһарлар құдық не жер асты қапасының иесі ретінде сипатталады. Жер астындағы тіршілікке «зиянкес күштер» иелік еткенде «жағымды күш иелері» немесе «қаһармандар» жеңіске жетіп отырады. Айдаһармен күрес желісіне құрылған қазақтың ертегі қаһарманы Аюалпаң құдық астына түскенде жерасты ауылына кезігеді. Халыққа су бермей отырған жер астындағы айдаһар екен. Айдаһарды өлтіруге алып самұрық құс көмекке келеді де, Аюалпаңды жер бетіне шығарады. Ертегінің екінші желісінде Аюалпаң айдаһарды өзі өлтіреді, жерасты халқы айдаһардан құтылғанына қуанып, үш күн той жасайды. Құдықтың астында өмір сүретін айдаһарлар «сары бас/сары үйек жылан» кейпінде болған. Ал жер бетіндегі сары үйек мифтік жыландар — жағымды кейіпкер, олар әулиелерді мекендейді. Маңғыстаудағы Шайыр ауылы маңындағы Төлеген әулие басына түнегендердің арман тілегі орындалар болса, сары үйек жылан түнеген адамның кеудесіне келіп жатады. Маңғыстаулық әулие Саназардың иесі — ұзындығы сегіз метрлік, төбесінде көзі бар айдаһар мен кішкене ақ жылан (Қондыбай, 3-кітап, 2008: 359-360).

5-ші жыл иесі — айдаһарды мүшел есебін қолданатын халықтарының әрқайсысы өз тілінде атайды. Алтайлықтар, телеуіттер — ұлы/улу, Қырым татарлары, ноғайлар — ұлу, абазиндер — ұлу, кабарда-черкестер — ұлубәж, қытайлар — лун, моңғолдар — луу, ауғандар — луй, жапондар – киноэ-тацу, вьетнамдар – тынь/рон, маньчжурлар — мудури, тибеттер — бруг, кхмерлер – рең.

Айдаһар түркі халықтарында әртүрлі дыбысталғанымен, мағынасы — айдаһар, ал шығыс халықтарында аудармасы — айдаһар!

Айдаһар жылын қытайлар «чэнь» деп атаған деп қателесіп жүргендер бар. Чэнь – Қытай күнтізбесіндегі 5-ші жыл аты емес, чэнь — 5-ші ай аты. Яғни 12 хайуан жыл санауда басқа атаумен, ай есебінде басқа атаумен аталады. Ежелгі қытай жұлдызнамасында (зодиак) қытай халқы жыл атауына ие 12 хайуан атымен 12 ай атын атаған, әрі бір күндегі 24 сағатты, 2 сағаттан бөлеп, 12 хайуан атымен атаған. Жұлдызнамада ай есептеу мен бір күн ішіндегі сағат есептеуде «айдаһар — чэнь» 5-ай атына және таңғы сағат 7 мен 9 арасындағы уақытқа ие болған.

Жыл қайыру туралы алғашқы жазба деректер мен жыл қайыру суреттері бейнеленген археологиялық мұралардың да қатары жеткілікті. Соның бірі Ешкіөлмес жартасына салынған айдаһар петроглифі ертетүркілердің айдаһарды көрмесе де олардың зоологиялық білімінің географиялық шекарасы кең болғанының дәлелі.

1957 жылы отандық археолог Таисия Сенигова басқарған отряд Созақ ауданындағы Баба-Ата ортағасырлық қалашығын қазу кезінде екі жақ бетінде де 12 хайуан суреті салынған тұмар ретінде тағатын мыс медальон (дм — 3,8 см, қалыңдығы — 3 мм., ортасындағы тесік дм — 8 мм) тапқан. Қазбадан табылған кезінде түркілік монета деп ойлаған. Медальонның екі бетіне шекілген хайуандар сол жаққа қарап, бірінің артынан бірі екі шеңберді құрап тізбектеліп тұр. Мұндай тұмар медальондар ақша орнына да жүрген.

Археолог Т.Сенигованың бұл тұмар-медальонға жасаған сызбасында 12 хайуанды жыл қайырудағы реттік санымен номерлеген, сол уақыттағы техниканың нашарлығынан көшірме бұлыңғыр жасалғанымен 5 санымен «айдаһар» анық көрінеді. (Сенигова Т. Монетовидный календарь // Труды ИИАЭ АН КазССР (Археология). 1961. Т. 12. С. 41-47). Археолог Т.Сенигова Баба Ата күнтізбе тұмарындағы хайуанаттардың ретінің аралас салыну, әрі шекілуіне қарап, әрі қараханидтік, түргештік монеталардың соғылу әдісіне, жергілікті монета сарайларында соғылу сәйкестігіне қарай, жергілікті ұсталардың туындысы деген пайымға келген. Ұсталардың бұл өнері жергілікті түркі тайпаларының Қытай мәдениетімен байланысынан туындаған. Түркі күнтізбесінің кейбір элементтері Ресей жеріне XIII-XIV ғасырларда моңғолдардың жаулап алуымен кіріккен. Русь шеберлері түркілік күнтізбе медальон үлгісімен айналардың қола рамасын хайуанаттар бейнесімен өрнектеген.

Күнтізбе бейнеленген осы типті археологиялық, ерте ортағасырлық медальондар Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Томск, Таулы Алтай археологиялық қазбасынан да табылған.

уан, деректер не дейді?

Қазақстаннан жыл қайырудағы 12 хайуан бейнеленген мұралардың ең көнесі Қарғалы шатқалынан табылған алтын көмбеде (б.д.д. I - б.д. II ғғ.) кезігеді. X-XII ғасырларға саятын күнтізбедегі хайуандар шеңберлей, тізбектеліп бейнеленген Жамбыл облысынан табылған археологиялық қола айна Эрмитажда сақтаулы.

Махмұд Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» («Дивану лугат-ит-турк», 1072-1074 жылдары жазылған) еңбегінде жазып қалдырған аңыздың бір нұсқасында ежелгі түркі қағандарының бірі соғыс жылнамасын жазып қалдыру үшін он екі ай мен аспандағы он екі жұлдызды негізге алып, жыл қайыру есебін жасайық депті. Сол оймен қаған аңға шыққанда барлық жануарды Іле өзеніне қарай қуады. Ағысы қатты Іледен жүзіп өткен жануарларға жыл атауын берген, бірінші тышқан жүзіп өтіп алғашқы жылға ие болған, ал қалған жануарлар Іленің екінші бетіне жүзіп өту ретіне қарай жыл атын иемденген. Махмұд Қашқари жазған жыл қайыруда бесінші жыл — «Нек жылы — тимсах жылы» екенін көрсетеді. «Түріктер бұл жылдардың әрқайсысында бір қасиет бар деп нанған.... нек жылы кірсе, жауын-шашын, су мол болады да, егін бітік шығады, өйткені ол су хайуаны» деген. Махмұд Қашқари «су хайуаны» деп тайға таңба басқандай көрсеткен, «су жәндігі» демеген.

КСРО Ғылым академиясының «Древнетюркский словарь» (1969) басылымында Махмұд Қашқари сөздігіндегі «нек» хайуан атауына қатысты келесідей түсініктеме берген: «Nek — крокодил, nek jilan — үлкен жылан, nek jili — 12 жылдық жыл қайыруда 5-ші жылға сәйкес келетін «айдаһар жылы» (357 бет). Бұл түсініктеме Махмұд Қашқаридың 1915-1917 жылдары Ыстамбұлдан шығарған Ахмет Рифат, 1939–1941 жылдары Анкарадан шығарған Бесім Алатай нұсқасына жасалған. Ертетүркілер сөздігінде тимсахтың бір аты — «алаван/алабан» екенін айтқан.

Ісмет Кеңесбаев та «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» кітабында Махмұд Қашқари жазған «нек жылы — тимсах жылына» крокодил, айдаһар жылы деп түсініктеме береді. Жыл қайырудағы Ұлу атауын қытай тілінде айдаһар екенін айтады (2007 жылғы қайта басылымы, 122 бет).

Зерттеулерге сүйенсек, «тимсах» (крокодил) түркі сөзі (А.М.Щербак. Названия домашних и диких животных в тюркских языках. /Историческое развитие лексики тюркских языков. 1961. 151-152 бб.).

Махмұд Қашқари жазбасына сүйеніп, 12 жылдық жануар атымен жыл қайыру алғаш түркілерде қалыптасып, одан әрі Шығыс Азияға таралады десек болады. Шығыс елдерінің де күнтізбенің отаны екенін дәлелдейтін археологиялық және жазба деректері жеткілікті, бұл түркі мен шығыс күнтізбесінің ортақ екенінің айғағы.

Кейін келе ертетүркілер қолданысындағы «Нек — тимсақ жылы» атауы, кейін келе «Ұлу жылы» атауына ауыса бастайды. Қазақ күнтізбесіндегі «ұлу» атауының түп-төркіні Алтайдағы түркілердің айдаһарды «ұлы/улу/улув/улуу» атауымен байланысты болуы да, айдаһар жыртқышқа таңылған эвфемистік атауы болуы да ықтимал.

Алтайлық түркілер ұлуды төрт аяқты, құлағы бар мифтік хайуан ретінде бейнелеген. Айдаһардың қытай тілінде «лу/лун», моңғол тілінде «луу» атауының түркі-моңғолдардардың қоян-қолтық араласуы, қазақтардың қытайлармен этномәдени байланысы әсерінен қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске ұшырауы да мүмкін. Ертетүркілердің «нек жылы» атауының «ұлу жылы» атауына өзгеруі түркі-моңғол қарым-қатынасы жылдарында қалыптасуы әбден ықтимал. Ертеде моңғолдар айдаһарды тәңір, көк хайуаны деп, күннің күркіреуін «айдаһардың дауысы, айдаһардың ақыруы» деп түсінген.

1875 жылы жарияланған «Қазақ және Орта Азия халықтарының мүшел есебі» атты мақалада жыл қайырудағы 5-ші жыл «Ұлу — айдаһар жылы» деп көрсетілген (Казбеков. Туркестанские ведомости, №6, 1875, 4 ақпан, 23 бет).

Н.Хохлов та қазақтардан 5-ші жылды «ұлу — айдаһар (тимсах) жылы» деп жазып алған (Географический очерк Тургайской области. Оренбург, 1909. 43 бет).

Б.А.Куфтин 1916 жылы қазақтардан жазып алған 12 жылдық мүшел есебін жариялап, 5-ші жылды қазақтардың «луу — айдаһар» деп айтатынын көрсеткен (Календарь и первобытная астрономия киргиз-казацкого народа. «Этнографическое обозрение». 1916, №3-4, 142 б.).

Қошке Кемеңгерұлының «Орысша-қазақша тілмаш» (1925), Н.И.Ильминский (1861), Л.Будагов (1869), В.Радлов (1893-1911), Н.Баскаков (1968), К.Юдахин (1965) сөздіктерінде — ұлу жылы/айдаһар жылы.

Шетелдік зерттеушілер ұлу жылын — айдаһар жылы дей отырып, түркілердің «нек» атауының «ұлу» атауына ауысу мерзімін түркі-моңғол қарым қатынасынан іздейді (Ligeti, 1962, 1966; Abulaje, 1968; Golden, 1982, т.б.).

Қазақ әйелдері «ат тергеуде» ұлу жылының атауын «шолпетер» деген атауға ауыстырғаны да жұмсақ тәнді жәндікті емес, «су хайуаны» немесе құйрықты су хайуаны сипатын береді, әрі Ұлу жылының бір аты «балық» болуымен байланысты. Қазақ қоғамында кейін балық, шолпетер жанама (эвфемистік) атаулары қолданыстан шықты.

Ертеде «Ұлу жылын» қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар, түркімендер «балық жылы» деп те атағаны белгілі. Алтайдағы түркілер, құмандықтар «кер-балық» немесе «ұлу-аржан» дейді. Қырғыз ағайындар бұл күні де «балық (улуу) — ажыдаар» жылы дейді. «Балық» атауының қалыптасуына екі түрлі болжам айтуға болады, бірі түркі халықтарының эвфемистік тапқырлығымен, яғни жыртқышқа балама ат таңуымен байланысты, екіншіден нек-тимсахтың — су хайуаны, терісінің балық секілді жылтыр қабыршақты болуымен байланысты атаған деуге болады. «Балық» эвфемистік атауы түркілердің айдаһарды қанатты тимсах (жыртқыш су хайуаны, жыртқыш мифтік балық) бейнесінде қабылдауынан да туындаған. Қытай империясының бұрынғы туы мен гербінде, монеталары, тұмар-алқа әшекейлерінде қанатты крокодилге ұқсас айдаһар суретінде терісі балық терісіндей қабыршақты, жылтыратып салынған. Монета, тұмар-алқалар Орта Азияға сауда жолымен келген.

Атақты түрколог А.Н.Самойлович «Об изменениях в 12-летнем животном цикле у некоторых турецких племен» атты жазбасында тараншылар, хамилер, түркімендердің «балық жылы» атауының «айдаһар жылына» сәйкестігін, олардың осы жылға қатысты дүниетанымын талдаған. (Известия Таврической ученой архивной комиссии. №49. Симферополь, 1913. 133-138 бб.).

Этнограф А.К.Писарчик Өзбекстандағы далалық экспедициялық зерттеуінде Айдаһар жылы атауымен қатар Ташкент, Хиуа, Андижан өзбектері «балық», Бұхара, Нұр-ата, Самарқанд, Кулябта «ниханг» (крокодил, түрікше — нек, парсыша — неһенгі атауының тілдік ауысуы) атайтынын тіркеген. (Таблицы годов двенацатилетнего животного цикла с приведением соответствующих им годов современного летоисчисления/ Материалы Южно-Туркменстанской археологической экспедиции. Ашхабад, 1949, 173-181 бб.).

Ертетүркілердің дүниетанымының кеңдігі, зоологиялық халықтық білімінің тереңдігі соншалықты, нек — тимсахты су хайуаны екенін танып, оны «балық» ұғымымен күні бүгінге дейін жеткізді, айдаһар — ұлуға ауыстырғанда да жыл иесін бір-бірінен алыстатқан жоқ.

Тәттігүл Картаева
Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінің
профессоры, этнограф
https://anatili.kazgazeta.kz

☑ Memory

Zhubanov University мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталыны еске алуға арналған көлемді іс-шаралар өткізді.

Айталы Амангелді Әбдірахманұлы атындағы Ғылыми оқу залы ашылып, танымал тұлғаның өмірі мен ғылыми мұрасына арналған естелік-кітаптың тұсаукесері, «Профессор А.Ә.Айталының ғылыми-педагогикалық мұрасы және қазіргі Қазақстандағы руханият мәселелері» тақырыбындағы республикалық ғылыми конференция өткізілді.

Республикалық ғылыми конференцияның Пленарлық мәжілісіне Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінова, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Алихан Байменов, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, ақын, журналист Ханбибі Есенқарақызы, философия ғылымдарының кандидаты Абылай Мұхамбетжан, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Семей филиалының директоры Бауыржан Ердембеков қатысып, Амангелді Айталының өнегелі өмірі жайлы әңгімеледі. Іс-шара барысында университеттің бас оқу ғимаратында ашылған Айталы Амангелді Әбдірахманұлы атындағы ғылыми оқу залында «Зерделі ойдың зергері» естеліктер топтамасы басылған кітап таныстырылды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, академик Амангелді Айталы 1939 жылы 10 қыркүйекте Ресейдің Астрахан облысы Володарск ауданына қарасты Торсық (Турсовка) ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Атырау педогогикалық институтында «Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білім алған, 1967 жылы ҚазҰУ-дың аспирантурасын тәмәмдаған. Философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Ақтөбе облысының құрметті азаматы.

1999-2004 жылдар аралығында екінші шақырылымдағы және 2004-2007 жылдардағы үшінші шақырылымдағы ҚР Парламентінің депутаты. Ол 11 монография мен оқу құралдарының, 170-ке жуық ғылыми мақалалардың авторы.

КСРО «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ КСР-ы Жоғары Кеңесінің грамотасымен наградталған. «Парасат» орденінің иегері.

«Философия ғылымдарының докторы, профессор Айталы Амангелді ағамыздың өмірден өткеніне де 1 жыл өте шығыпты. Университеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде ғана емес, адамгершілік тұрғысынан кеңес беріп, қолдау көрсеткен үлкен тұлға еді.

Халқы үшін адал қызмет еткен Амангелді ағаның ғылыми мұрасы университетте бірге қызмет еткен әріптестерінің және ағайдың шәкірттерінің жадында сақталады», — деп жазды ректор Лаура Қарабасова Facebook парақшасында.

Ханбибі Есенқарақызына берген сұқбатында отбасы туралы айта келе «Балаларымның анасы — Айман ертеректе қайтыс болды. Қазіргі жеңгем Гүлжан тәрбиелі, сыйлы отбасынан шыққан. Біздің үйге келгеннен кейін менің алыс-жақын туыстарымның, достарымның, сыйлас адамдарымның арасына тез сіңіп, жақын болып кетті. Бір күні Гүлжан базардан гүлдердің тұқымын алып келіпті. Маған: «Ертең Айман апайдың басына барып гүл егейік, Айбарға да айтайық» (Ақтөбеде тұратын ұлымыз, өзге екеуі Нұр-Сұлтанда, Алматыда) деді. Солай болды, гүл егіп, үйге келгеннен соң, құран оқып, шай іштік. «Гүлжан, бұл бір жақсы іс болды, марқұмның аруағы риза болған болар» дедім. Сонда ол: «Мен апайдың аруағын сыйлап өтемін» деді. Іштей қатты риза болдым, бірақ ештеңе демедім. Бұл ата-анасының тәрбиесінен болар деп ойладым. Сол үрдіс күні бүгінге дейін жалғасып келеді», — деп өмірсерігі жайлы жылылықпен айтып еді.

Назарға Амангелді Айталының аманат қалған рухани мұрасын жинақтап отырған жұбайы Гүлжан Битөренің зерделі ойдың зергері болған ері туралы тебіренісі.

Гүлжан БИТӨРЕ:

Жан жарыммен өткен бақытты жылдарым

Ары таза, жүрегі кең, ойлап сөйлеп, ақыл-кеңесімен отбасын тәрбиелейтін нар тұлға, асқар тау әке, мейірімді ата, кішіпейіл жұбай Амангелді Айталы Абдрахманұлы 2022 жылдың 21-ші желтоқсанында, суық, ызғарлы күні, облыстық аурухананың жансақтау бөлімінде тіршілік өмірді тастап, фәниге бақылық болып, аттанып кетті.

Бұл қайғы балаларды, немерелерді, мені қатты есеңгіретіп жіберді. Сенгіміз келген жоқ, бірақ амал қанша.

Мен Әбекеңмен 35 жыл бірге өмір сүрген екенмін, уақыт жылдам сырғып өтіпті, 35 күндей де болмады. Айтылмаған сөз көп, ақтарылмаған сыр қалып қойыпты. Міне енді Әбекең жоқ, көз жасымды сығып, шерімді, ойымды қағазға түсіріп отырмын.

Бір қарағанда Әбекең өте ызғарлы сияқты болып көрінеді, бірақ ол өте мейірімді, жай сөйлеп, ақыл-кеңесін айтып, балаларды, мені тәрбиелейтін еді. Ал немерелеріне келгенде, ол мүлдем бөлек адам, көзінен соларға деген нәзік сезім, аталық қамқорлық, сүйіспеншілік, махаббат төгіліп тұратын. Ол адам балалардың Әкесі, немерелердің Атасы, менің жарым Әбекең еді.

Әбекеңнің өмірі оңай болған жоқ, екі жасында әкеміз Ұлы Отан соғысында қаза тауып, анамыз сауатсыз болса да ағай мен Әбекеңді жетектеп, жақсы тәрбиелеп, дұрыс бағыт беріп, өсіріп, оқытып, таза адамгершілік мінезді бойларына сіңіріп өсірген. Екеуі де өнегелі отбасы, балалы-шағалы болып, атамыз бен анамыздың атына кір келтірмей, сыйлы азаматтар болып өнді, өсті.

Әбекең жеті класс бітіргенде Астрахан облысының Володар ауданында педучилище ашылып, оған ылғи әкелері соғыста қаза тапқан ұл балаларды алатын болған. Анамыз сельсоветке барып, мына Амангелдінің қолынан оқудан басқа дым келмейді, ол балықшы бола алмайды, не істеймін дегенде мектеп директоры анамызға "ол өте жақсы бағамен оқуды бітірді, оны училищеге беріңіз, әрі қарай оқысын, мұғалім болады деген екен. Сол училищеде Әбекең үздік бағамен оқып, стипендия алып, бірінші стипендиясын анамызға әкеліп берген. Анамыз шексіз қуанып, стипендиясына азық-түлік алып, дастархан жайып, ауылдың үлкендерін шақырып, батасын алыпты. Ағамыз да армиядан келіп, үйленіп, бала-шағалы болып, анамыздың арқасында екі ұлы да жетіліп, жақсы тәрбиелі, үлгілі азаматтар болды. Ағамыз шофер, ал Әбекең училищені бітіріп, екі жыл мұғалім болып жұмыс істейді.

Одан кейін Гурьев пединститутына оқуға түседі. Бұл 1959-1964 жылдар аралығы болатын. Ол оқып жүргенде Ленинский стипендиат болып, оқуды үздік бітіреді, сол жылы институтқа Алматыға аспирантураға бір орынға жолдама келеді. Оған Әбекең және тағы бір институт түлегі емтихан тапсырған кезде, Әбекең өтіп, С.Киров атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасына қабылданады. Ол кезде отбасын құрған, қызы Алтын кішкентай, оны анамыз бен жеңгеміздің қолына қалдырып, Айман екеуі Алматыға жол тартады.

Алматыда 1967 жылы Айбар дүние келеді. 1968 жылы аспирантураны бітіріп, қорғап, кандидаттық ғылыми дәрежесіне ие болды. Сол уақытта Ақтөбеде пединститут ашылады, ғылым кандидаттары мен профессорлар тапшы кез. Пединституттың ректоры П.С.Щетинин ҚазМУ-ге кадр мәселесімен барған екен, ол кісіге Әбекеңді ұстаздары кездестіріп, сол кісінің шақыруымен, семьясын алып, Ақтөбеге қоныс аударады. Ақтөбеге негізінен Әбекең жақсы сіңісіп, абыройлы еңбек етіп, докторлығын Мәскеу қаласында қорғап, Ақтөбе елінің сыйлы азаматы болды.

Өмірдің қуанышы мен қайғысы қосарланып жүреді ғой. Балалардың анасы Айман көп уақыт ауырып, сол дерттен бақилық болып кетті, иманды болсын дейміз. Бұл уақыттар өте ауыр соққы болды.

Ондай жағдайды тек ұстамды, ақылды, парасатты адам ғана жеңе алады. Үш баламен қалған Әбекең балаларын бағып, әрі қарай қиын сынақта өмір сүруге мәжбүр болды.

1986 жылы Мәскеуде қорғайын деп дайын тұрған диссертациясын желтоқсан оқиғасына байланысты қорғатпай тастаған. Соны қолға алып, қайта өңдеп, толықтырып жаза бастады. Осылай балаларын өсіріп, жұмысын істеп, диссертациясын жазып Әбекеңнің өмірі әрі қарай жалғаса берді.

Сол кез Айбардың армиядан келген кезі, Айдар Шымкентте Суворов училищесінде оқитын, ал Жанар болса 6 жаста, бірінші сыныпта оқыды.

Жалғыздық тек бір құдайға жарасқан деп, араласып жүрген өзімен сырлас ағалары, жолдас-жоралары Әбекеңе кеңес береді, балаларды күтіп, қарайтын, отбасының түтінін өшірмейтін, жаны таза, адал адамға үйленуге бел буынуына шешім қабылдауына ақыл айтады. Сол ағалары өздерінің де білетін адамдарды айтып, сөйлесіп көруін өзіне жүктейді.

Осылай тағдырдың жазуымен сол ағалардың үйіндегі жеңгелеріміз менімен сөйлесіп, көндіріп дегендей, біз осылайша 1988 жылы Әбекең Айманның, мен анамның қазан айында бір жылдық садақасын бергеннен кейін басымызды қостық.

Қосылғаннан кейін Әбекең қазанның 25-де Мәскеу қаласына диссертациясын жалғастыруға кетті. Мен, Айбар, Жанар үшеуміз үйде қалдық, осылай бір-бірімізге үйренісіп, әрі қарай өмір жалғаса берді.

Желтоқсан айында Әбекең диссертациясын жақсы қорғап, үйге келді. Барлық комиссия мүшелері қолдап, дауыс берген. Сонда бір профессор былай депті: «Айталиев очень грамотный, кругозор у него велик, тема ваша очень сложная, но вы отлично справились, мы довольны вами за вашу серьезную работу, над которой вы работали очень кропотливо и долго. И мы все единогласно проголосовали».

Ақпан айында ФАК- тан философия ғылымдарының докторы ғылыми атағын иелену туралы растау қағазы келді. Сондағы Әбекеңнің қуанышын көрсеңіз, он жылдай еңбегінің нәтижесінің еш кетпегеніне, бағаланып, жоғары ғылыми лауазымын алғанына. Бұл дәрежеге ол көп оқығаны мен ізденісінің арқасында жетіп еді.

Уақыт деген зымырап, сынап сияқты тез өтеді екен ғой.

35 жылдың қалай өтіп кеткенін байқамай қалдым. Мен өміріме ризамын, осындай Әбекең сияқты адал, қамқоршы адамға кездескеніме Алла тағалаға рақметімді айтамын.

Әбекеңнің арқасында көп зиялы, керемет адамдармен танысып, солардың ортасында болып, даналық сөздерін естіп, Әбекеңе лайық болуға, оның құрметті қонақтарын күтіп, әр уақытта дастарханымды жайып, жоғары деңгейде қарсы алуға тырыстым.

Әбекең 1999 жылы ойламаған жерден Парламентке депутат болып сайланды, сол жылдың қараша айында Астанаға қоныс аударды. Әбекең сонда 60-жылдық мерей тойын өткізіп жатқанда айтқан «Тәуелсіздік деген осы, Одақ уақыты болса мен қазір зейнеткерлікке шығып жатар едім, ал енді, міне, сіздер куәгер болып отырсыздар, Қазақстан еліміздің төріне барып, жаңа астанамызда өзімнің білігімді, оқығанымды, бар қайрат-күшімді еліміздің болашағына, көркеюіне салып, жұмыс істеймін, Ақтөбе халқының сенімін ақтаймын деп уәде беремін» деген жүрекжарды сөзі жадымда қалды.

Айтқанындай сегіз жыл Парламентте еңбек етті, біраз мәселелерді ортаға салып, сонын шешімін іздестіріп, сондағы депутат азаматтармен бірге абыройлы жұмыс істеді. Көп зиялы қауыммен, бұрын кітап, газет, телеарнадан білсек, ол жақта Шерхан Мұртаза, Қаратай Тұрысов, Фариза Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев, Бәкір Әбдіжәлел, Мұхтар Шаханов, Тоқтар Әубәкіров т.б. танымал адамдармен танысып, білген білімін ортаға салып, абыройлы жұмыс атқарды.

Әбекең көп оқыды, ол Ақтөбеде тұрғанда да, Астанаға қоныс аударғанда да ресейлік журналдарға жазылып, үйге алады, ол журналдар: «Вопросы философии», «Общественные науки и современность», «Социологические исследования», «Социально-гуманитарные знания». Сосын бүкіл орталық қазақстандық газет-журналдар: «Ақиқат», «Мысль», «Жұлдыз», «Жалын» т.б. Бұл басылымдарға Әбекең жиі мақалалар жазып отырды, негізінен радио, телеарналармен де тығыз байланыста болды.

Ылғи өз ойларымен, пікірімен халықпен бөлісіп, жеткізіп отырды.

Соңғы кезде айтатын еді, көп нәрселерді жазыппын, соны неге шығармағанмын деп.

Негізінен Әбекең өте сыпайы, мәдениетті адам, ал сырт көзге қарағанда еңсе бойлы, түсі суық сияқты, кейбіреулер қасына барып сөйлесуге батылы бармайтын, бірақ оның ішкі жүрегі нәзік, ұлтжанды, тілдің бүгіні мен болашағына өте көп мән беріп, аңдап, қиналатын еді.

Көп жазған, білген заттарын сыртқа шығара бермейтін. Алайда журналистермен сұқбаттасса бірталай заттарды айтып, шешіліп әңгімелесетін. Ол өте кішіпейіл еді, сұрамаса ешкімнің алдына шығып бейжай сөйлей бермейтін. Кітаптарын, мақалаларын жазғанда өз-өзіне қатты талап қойып, жазғандарына сын көзімен қарап түзейтін. Соңғы кездері мен Әбекеңе ноутбукпен теріп көмек беретін едім, сонда жазбаларының бірнеше рет сөйлемдерін өзгертіп, қателерін қайта-қайта түзеп, жазатын еді. Оншақты кітаптары шықты, монографиялары, газет, журналдарға мақалары, сұқбаттарының жинағы. Ресейлік журналдарға мақалаларын жіберіп тұрды. Біз үйде үшеуміз де, Әбекең, Ақсұңқар, мен көп сөйлемейміз, әрқайсымыз өз шаруамызбен айналысатынбыз. Санаторийға барсақ жазатын қағаздарын, кітап, қаламдарын ала жүреді. Әбекеңнің бар болмысы оқу еді.

Алдында жаздым ғой, атамыз соғыста, 1942 жылы шейіт болды деп. 2014 жылы шілде айында ұлкен ұлымыз Айбар «Книга Памяти» деген сайттан Әбдрахман атасының қайтыс болғаны туралы ақпарат тауып, құжаттарын интернеттен шығарып, папасына әкеліп көрсетті. Кабардино – Балкария, Майский ауданында Бауырластар зиратында 99 Отан қорғаушы жерленген екен. Сол зиратқа ұзақ уақыт Колодей деген кісі отбасымен күтім жасапты. Ол Бірінші дүниежүзілік соғысының ардагері, Әулие Георгий орденінің кавалері. Ауыл балаларын жинап, «Мына жерде 99 Қызыл армия солдаттары жерленген, біздің осындай бейбітшілік өмірге жетуіміз үшін фашистермен шайқасқан. Соны естеріңде сақтандар» деп тәрбиелеп отыратын болған. 2014-ші жылы Колесников деген меценат зират басына Стелла орнатыпты. Стелланы бекітуге бүкіл Терекско-Майский округінің тұрғындары ат салысқан. Осы ақпараттарды білгеннен кейін, көп ұзамай жолға жиналып, Майскийге бардық. Сонда Павел Кармалико деген қалалық Казактар орталығының атаманының айтқаны есімде қалыпты, «Оқушы кезімізден зиратты күттік, енді қорғаушы солдаттардың рухын құрметтеп Стелла қойдық» деген. Біз Астраханнан, атамыздың туған жерінің топырағын алып барып, сол Стелланың жанынан кішкене шұңқыр қазып салдық, сосын ол жердің топырағынан да алып келіп, ауылдағы ата-бабалары, анамыз жатқан қорымға септік. Әбдрахман әкемізді сол шайқастағы ерлігі үшін Ленин орденімен наградталсын деген құжаттын да таптық. Бірақ әкемізге Приказ «Орден ВОВ I степени» деп жазылып кеткен. 2021 жылы орденнің құжатын ресейлік консул үйге әкеліп табыс етті. Сондағы және Майскийге барғанда Әбекеңнің күйзелісі, көз жасын тыя алмағаны әлі көз алдымда. Құжатты қолына алғанда «Для меня война закончилась сегодня, 2021 году, 11 августа» деп көз жасын сүртіп еді.

Астраханда ағайдың жұбайы Ақкүріш жеңгеміз бар еді, ол кісі де 2023 жылдың 8 шілдесінде дүние салды. Иманы саламат болсын!

Әбекеңнің мазарын көтердік, тастан қалап, кітаптарының макетін жасадық, өмірде айналасы кітапқа толы еді, о дүниелік болғанда да қасында кітаптары жатыр.

...Жан жарыммен өткен бақытты жылдарым бүгінде көңіліме демеу.

Дайындаған
Г.Қараша

☑ A scientific achievement

КӨЗ АУРУЫН ЕМДЕЙТІН ЕРЕКШЕ ДӘРІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, Ph.D. Гузель Абилова Ұлыбританиядағы Рединг университетінің Химия, өнімдер және фармация мектебінің профессоры Виталий Хуторянскиймен бірлесе көз ауруын емдеудің тиімді әдісін ойлап тапты деп хабарлады BAQ.KZ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне сілтеме жасап.

Ғалым бірнеше жылдық зерттеулерінің нәтижесінде көзге арналған линзаға ұқсас өте жұқа полимерлі дәрілік пленкалар жасап шыққан.

Гузель Қабілетқызының айтуынша, офтальмологиялық дәрілік пленкаларды жасау идеясы 2016 жылы докторантураға түскен кезде пайда болған. «Биополимерлер негізінде пленкалық материалдар түріндегі дәрілік формалардың дамуы ғылыми қызығушылығымды тудырған.

Осыған дейінгі зерттеулерді зерделей келе, көздің, мұрынның, ауыздың шырышты қабаттарына қолдануға арналған полимерлер негізінде жаңа пленкалы дәрілік формалар жасауға болады. Пленкалар дәрілік заттардың дозасын және шығынын айтарлықтай азайтады. Бастысы — денсаулыққа ешқандай зиянды әсері болмайды.

Сонымен қатар полимерлі көз пленкалары көзге арналған тамшылардың негізгі кемшіліктерін жоюға мүмкіндік бермек. Көзге арналған тамшылардың емдік мерзімі қысқа болады. Көбіне тамшылар көз жасымен қоса немесе басқа да түрлі себептермен сыртқа шығып кетеді. Ал бұл жасаған полимерлі пленка көз жасымен байланысқа түскен кезде бірте-бірте еріп, препарат ұзақ уақыт бойы көз ішінде сақталады. Импортталған фармацевтикалық нарықта полимерлерге негізделген көз дәрі-дәрмектерінің түрлері бар», — деп түсіндіреді өз ғылыми-зерттеу нәтижесін Г.Абилова.

Жұбановтық ғалым жасаған көзге арналған дәрілік пленкалар бактериалды этиологияның көз ауруларын емдеуге арналған. Яғни бұл микробқа қарсы препараттардан, атап айтқанда, ципрофлоксацинмен әсер ететін антибиотиктен әзірленген.

Полимер негізінде жасалған дәрілік форма босатылған дәрілік препараттың мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді. Дайындалған көз пленкалары 6-8 сағатқа дейін емдік әсерін бере алады. Алдағы уақытта ғалым дәрі-дәрмектің әсер ету уақытын мүмкіндігінше ұзақ уақытқа арттырудың әдіс-тәсілдерін анықтауды жоспарлап отыр.

Айта кету керек, Гузель Қабілетқызының «Жергілікті дәрі-дәрмектерді жеткізуге арналған функционалды биополимерлер негізінде пленкалы дәрілік формалар» тақырыбындағы жобасы 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» конкурсында гранттық қаржыландыруға ие болды.

Гузель Абилованы ғылыми жетістіктеріне байланысты ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтады.

"Отандық офтальмология саласы жағымды жаңалықтармен толығуда!

Академик Қаныш Сәтбаев бір сөзінде: «Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі», — деген болатын. Осындай талап пен іргелі ізденістің арқасында ғылыми ашылымдармен елді қуантып отырған жұбановтық әріптеске әрдайым толымды табыстар тілей отырып, білім биігінен көрінсін деген лебізімді білдіремін!, — деп жазды министр Facebook парақшасында.

Дайындаған
Г.Дауылбайқызы

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ

Биылғы наурыз айының бірінен бастап Қазақстанның барлық аумағы бірыңғай уақыт белдеуіне көшеді. Кей өңірлерде сағат тілі кері жылжиды.

«Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» Үкімет қаулысына өзгерістер енгізілген болатын. Өзгерістерге сәйкес, 2024 жылғы 1 наурызда сағат 00:00-ден бастап елдің бүкіл аумағында бірыңғай уақыт белдеуі орнатылады», — деп жазылған ҚР Сауда және интеграция министрлігінің баспасөз хабарламасында.

Енді елдің бүкіл аумағында 5-ші уақыт белдеуі (UTC+5) қолданылады.

«Қазақстан Республикасының аумағындағы уақытты есептеу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына енгізілген өзгертулерге сәйкес, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, Шымкент, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында 2024 жылғы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақытты 1 сағатқа кері жылжыту керек.

Қаулы ресми түрде жарияланып, 2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ал қазір Қазақстанда UTC+5 және UTC+6 екі уақыт белдеуі бар. Еліміздің батыс өңірін қоспағандағы, басым бөлігі UTC+6 аймағында орналасқан.

ЕДИНЫЙ ЧАСОВОЙ ПОЯС

С первого марта текущего года вся территория Казахстана перейдет на единый часовой пояс. В некоторых регионах часы переведут на час назад.

Были внесены изменения в постановление Правительства «О порядке исчисления времени на территории Республики Казахстан». Согласно изменениям, с 00:00 1 марта 2024 года на всей территории страны будет установлен единый часовой пояс», — говорится в пресс-релизе Министерства торговли и интеграции РК.

По всей стране будет использован 5-й часовой пояс (UTC+5). В соответствии с изменениями, внесенными в Постановление Правительства Республики Казахстан «О порядке исчисления времени на территории Республики Казахстан», акиматы городов Астаны, Алматы, Шымкента, Акмолинской, Алматинской, Жамбылской, Карагандинской, Костанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской, Туркестанской, Восточно-Казахстанской областей и областей Абай, Жетісу, Ұлытау в ночь с 29 февраля на 1 марта 2024 года (в 00:00) местное время должны перевести на 1 час назад.

Постановление официально опубликовано и вводится в действие с 1 марта 2024 года.

А сейчас в Казахстане есть два часовых пояса UTC+5 и UTC+6. За исключением Западного региона страны, большая часть находится в зоне UTC+6.

A SINGLE TIME ZONE

From the first of March this year, the entire territory of Kazakhstan will switch to a single time zone. In some regions, the clock will be set back an hour.

Amendments were made to the Government decree "On the procedure for calculating time on the territory of the Republic of Kazakhstan". According to the changes, from 00:00 on March 1, 2024, a single time zone will be established throughout the country," the Ministry of Trade and Integration said in a press release.

The 5th time zone (UTC+5) will be used throughout the country. In accordance with the amendments made to the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan "On the procedure for calculating time on the territory of the Republic of Kazakhstan", akimats of Astana, Almaty, Shymkent cities, Akmola, Almaty, Zhambyl, Karaganda, Kostanay, Pavlodar, North Kazakhstan, Turkestan, East Kazakhstan, Abai, Zhetisu, Ulytau regions in the night from February 29 to March 1, 2024 (at 00:00), local time should be set back 1 hour.

The resolution has been officially published and will enter into force on March 1, 2024.

And now Kazakhstan has two time zones UTC+5 and UTC+6. With the exception of the Western region of the country, most of it is located in the UTC+6 zone.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің өкілдері Zhubanov University интернационалдандыру тәжірибесімен танысты. Аталмыш ЖОО Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Закир Джумакулов және ректор аппараты басшысының орынбасары Қайрат Кабдуллин Zhubanov University Басқарма мүшелерімен кездесті. Кездесу кезінде екі жоғары оқу орны арасындағы серіктестік байланыс, өзара тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.

Әсіресе қонақтарды Heriot-Watt университетінің филиалын ашу тәжірибесі қызықтырды.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің өкілдері өз кезегінде қонақ дәрісін өткізді.

Кездесуден соң Закир Джумакулов Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында "Zhubanov University интернационалдандыру тәжірибесін зерттейміз. Лаура Қарабасованың командасы тамаша нәтижелерге қол жеткізді және бізге ықыласпен бөлісті, алдағы уақытта да сәттілік тілейміз. Мен басқа университеттерге барған кезде Назарбаев университетінде жұмыс істеген кезден танысып, араласатын халықаралық ғалымдармен және басылымдармен ғылыми ынтымақтастықтағы тәжірибеммен және қазіргі кездегі тәжірибеммен бөлісу үшін оқытушылармен және жас ғалымдармен кездесуді сұраймын. Мен осыдан үлкен ләззат аламын. Елімізде ғылымды бірлесіп дамытуымыз керек", — деп пікір қалдырды.

ОПЫТ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИИ

Представители Казахского национального женского педагогического университета ознакомились с опытом интернационализации Zhubanov University. Проректор по научной работе и международным связям Закир Джумакулов и заместитель руководителя аппарата ректора Кайрат Кабдуллин встретились с членами правления Zhubanov University. В ходе встречи были обсуждены вопросы партнерских связей, обмена опытом между двумя вузами.

Гостей особенно интересовал опыт открытия филиала университета Heriot-Watt.

В свою очередь представители Казахского национального женского педагогического университета провели гостевую лекцию.

После встречи Закир Джумакулов на своей странице в социальной сети Facebook написал: «Изучаем опыт интернационализации Zhubanov University. Команда Лауры Карабасовой добилась отличных результатов и охотно поделилась с нами опытом, желаем дальнейших успехов. Когда я посещаю другие университеты, прошу встретиться с преподавателями и молодыми учеными, чтобы поделиться своим опытом в научном сотрудничестве с международными учеными и изданиями, с которыми я знакомился и общался во время работы в Назарбаев университете. Я получаю от этого огромное удовольствие. Необходимо совместно развивать науку в стране", — прокомментировал он.

EXPERIENCE OF INTERNATIONALIZATION

Representatives of the Kazakh National Women's Pedagogical University got acquainted with the experience of internationalization of Zhubanov University. Vice-Rector for Research and International Relations Zakir Dzhumakulov and Deputy Head of the Rector's office Kairat Kabdullin met with members of the Board of Zhubanov University. During the meeting, issues of partnership and exchange of experience between the two universities were discussed.

The guests were particularly interested in the experience of opening a branch of Heriot-Watt University.

In turn, representatives of the Kazakh National Women's Pedagogical University held a guest lecture.

After the meeting, Zakir Dzhumakulov wrote on his Facebook page: "We are studying the experience of internationalization of Zhubanov University. Laura Karabasova's team has achieved excellent results and willingly shared their experience with us, we wish you further success. When I visit other universities, I ask to meet with teachers and young scientists to share my experience in scientific cooperation with international scientists and publications that I met and communicated with while working at Nazarbayev University. I get a lot of pleasure from it. It is necessary to jointly develop science in the country," he commented.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

ҒАЛЫМДАР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Zhubanov University Физика-математика факультетінде қолданбалы математика және информатика мәселелері бойынша шетелдік және отандық ғалымдар бас қосып, өзара тәжірибе алмасты.

Семинар барысында физика-математика факультетінің деканы Асқар Аймұқатов жаңа ғылыми-зерттеулердің нәтижелерімен таныстырды, бұл басқосудың ғылыммен айналысып жүрген студенттерге, магистранттар мен докторанттарға пайдасы зор екенін, оларды ғылыми-зерттеу қызметіне ынталандыруда маңызы зор екенін атап өтті.

Семинарға Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Турсун Юлдашев «Импульстік әсерлері бар параболалық теңдеу үшін аралас есеп» тақырыбын қозғаған баяндама жасады. Сонымен қатар семинарға қатысушылар Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымы, ҚР ҰҒА академигі Рыскул Ойнаровтың ғылыми және оқытушылық жұмыс тәжірибесі туралы қызықты әңгімесін тыңдап, Zhubanov University оқытушысы, магистр Жайлан Туткушеваның «Бірнеше айнымалы функцияның глобалды минимумын жоғары дәлдікпен табудың тиімді әдісі» бойынша зерттеу жұмысымен танысты.

Семинар сұрақ-жауап форматында өтіп, ғалымдар қолданбалы математика және информатика саласындағы бүгінгі мәселелерді талқылап, алдағы серіктесе атқарылатын жұмыстарды белгіледі.

УЧЕНЫЕ ОБМЕНЯЛИСЬ ОПЫТОМ

На физико-математическом факультете Zhubanov University зарубежные и отечественные ученые встретились и обменялись опытом по вопросам прикладной математики и информатики.

В ходе семинара декан физико-математического факультета Аскар Аймукатов ознакомил с результатами новых научных исследований, отметив, что данное совещание приносит огромную пользу студентам, магистрантам и докторантам, занимающимся наукой, имеет большое значение в стимулировании их к научно-исследовательской деятельности.

С докладом на семинаре выступил профессор Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека, доктор физико-математических наук Турсун Юлдашев, затронувший тему «Смешанная задача для параболического уравнения с импульсными эффектами». Кроме того, участники семинара заслушали интересную информацию от ученого Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, академика НАН РК Рыскула Ойнарова об опыте научной и преподавательской работы, а также ознакомились с исследовательской работой преподавателя Zhubanov University, магистра Жайлан Туткушевой по «Эффективному методу нахождения глобального минимума функции нескольких переменных с высокой точностью».

Семинар прошел в формате вопрос-ответ, ученые обсудили сегодняшние проблемы в области прикладной математики и информатики, поделились планами на предстоящую работу.

SCIENTIFIC EXCHANGED EXPERIENCES

At the Faculty of Physics and Mathematics of Zhubanov University, foreign and domestic scientists met and exchanged experiences on applied mathematics and computer science.

During the seminar, Dean of the Faculty of Physics and Mathematics Askar Aimukatov familiarized with the results of new scientific research, noting that this meeting is of great benefit to students, undergraduates and doctoral students engaged in science, and is of great importance in stimulating them to research activities.

Tursun Yuldashev, Professor of the Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, made a presentation at the seminar, touching on the topic "A mixed problem for a parabolic equation with impulse effects". In addition, the participants of the seminar heard interesting information from the scientist of the Eurasian National University named after L. N.Gumilyov, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Ryskul Oynarova about the experience of scientific and teaching work, and also got acquainted with the research work of Zhubanov University teacher, Master Zhailan Tutkusheva on "An effective method for finding the global minimum of a function of several variables with high accuracy."

The seminar was held in a question-and-answer format, scientists discussed current problems in the field of applied mathematics and computer science, and shared plans for the upcoming work.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

НОВЫЕ МЕСТА В СТУДЕНЧЕСКОМ ОБЩЕЖИТИИ

В общежитие №1 Zhubanov University дополнительно создано 92 койко-места. Для проживания студентам предоставлено 3-этажное здание общей площадью 507 квадратных метров, ранее использовавшееся под другие цели. В современном стиле были покрашены стены и потолки комнат общежития, обновлены линолеумы, сантехническое оборудование, керамогранит на кухне, в ванной, душевых, электрические кабели и шторы на окнах.

На официальном открытии общежития после ремонта приняли участие исполнительный секретарь Актюбинского областного филиала партии «AMANAT» Ербол Данагулов и ректор университета Лаура Карабасова.

— Число студентов, поступающих в наш университет из других регионов, увеличивается с каждым годом. Спрос на студенческое жилье будет продолжать расти. По нашему плану мы постепенно будем увеличивать количество мест в общежитиях. Сейчас вуз располагает 4 общежитиями на 2200 мест. Мы производим ремонтные работы в Домах студентов каждый год.

Хочу отметить, что для университета общежитие — это не источник дохода, а скорее социальный проект, требующий немалых затрат. Мы не повышали цены на проживание уже 5 лет. Годовая оплата составляет от 56 500 до 75 750 тенге. Однако для нас важно, чтобы студенты могли жить и учиться по доступной цене. Мы рассматриваем также увеличение количества мест в общежитиях за счет замены кроватей на двухъярусные, — сказала Л.Карабасова.

На сегодня Zhubanov University имеет 4 общежития, каждое из которых рассчитано на 500-700 студентов. Во всех общежитиях есть библиотека и спортивный зал, кухня, буфет, комнаты личной гигиены. На дворовой территории расположены спортивные площадки.

Г.Караша

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: http://zhubanov.edu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды

☑ Student life

Isker Tilshi басқосуының кезекті қонағы – еліміздегі ең жас ректор, Ақтөбедегі Құдайберген Жұбанов атындағы өңірлік университетінің ректоры Лаура Қарабасова.

Әңгімеміз негізінен оқу орнын басқару, менеджмент, маркетингі, бизнес элементтері жайында өрбіді. Сөз арасында жастар саясаты, азаматтық бастамалар, т.б. әлеуметтік жағы да қозғалды.

Лаура ҚАРАБАСОВА, ZHUBANOV University ректоры:

ЖЕКЕ БРЕНД ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫН ДЕГЕН

— Лаура Чапайқызы, Isker Tilshi жобасы іс адамдарына, басқаруға, бизнеске қатысты болғандықтан, бізге сіз жетекшілік ететін оқу орнының бизнес үлгісі ретіндегі қызметі қызықтырады. Жасыратыны жоқ, қаржыға қатысты ақпаратты да білгіміз келеді.

— Жақсы, түсіндім. 2020 жылы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (РМК) формасынан коммерциялық емес акционерлік қоғам (КЕАҚ) мәртебесіне ауыстық. Қазір біздің университет акционерлік қоғам ретінде қаржы көздерін тартады және тапқан қаржыны акционерлік қоғамның дамуына ғана жұмсайды. Қазір таза табыс өзімізде қалады және бюджетке ештеңе аударма-ймыз.

Қаржыны қай бағытта жұмсайтынымызды басқарушы орган – Директорлар кеңесімен ақылдасып отырып шешеміз. Директорлар Кеңесі құрамында жалғыз акционердің өкілдері ғана емес, тәуелсіз директорлар бар. Олар қаржы, басқару және заң саласының мамандары.

Ректордың бұрынғыдай шексіз билігі жоқ. Ректор маңызды стратегиялық және қаржылық сұрақтар бойынша Директорлар Кеңесіне есеп береді және ірі кадрлық шешімдерді де Директорлар Кеңесінің қатысуымен реттейді.

Даму жоспары бар, ол 5 жылға бекітіледі. Жыл сайын сәйкесінше түзетулер енгізіледі. Жұмыс істеу принциптеріміз, жалпы алғанда, жеке бизнес компаниялардыкіне ұқсайды. Бір қарағанда, университетті басқаруда бизнестің элементтері бар. Дегенмен, біз алдымызға табыс табу емес, білім мен ғылымды дамытуды мақсат етіп қоямыз.

Өткенде бір коммуналдық мекемемен сот нәтижесінде коммуналдық төлем тарифін қайта қарауға қол жеткізіп, артық төленген қаржыны өндіріп алдық. Бұл да коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналудың нәтижесі. Үлкен сомада қаржы үнемделді.

Қазіргі таңда түскен табыстың барлығын алдағы жылдары жаңа үлгідегі оқу ғимаратын салуға және жаңаша үлгіде жабдықтауға бағыттағымыз келеді. Үлкен ғимарат тұрғызып, қаланың әр бөлігінде орналасқан факультеттерімізді бір жерге шоғырландыру ойымызда бар. Әрине, мұның барлығына сырттан ешкім қаржы бермейді. Ғимаратымызды, инфрақұрылымды жаңарту, жақсарту жауапкершілігі де, ауыртпалығы да өзімізде. Министрлік пен облыстық әкімдік қолдауына сүйенеміз.

Айта кету керек, университеттің жоғарғы органы – жалғыз акционер, яғни министрлік. Сондықтан, білім және ғылым мәселесіне мемлекет мүддесі тұрғысынан қараймыз.

Қорыта айтсам, біз табысына да, шығынына да ұқыпты компания сияқты жұмыс істеуіміз керек. Бюджетті ұқыпты жұмсау, айналып келгенде, ұжым игілігі үшін пайдалы.

— Ал, осы өзгерістерді ұжымға, педагогтар құрамына айтып жүресіз бе? Олар қалай қабылдап жатыр?

— Ұжым үлкен. Жүрген жерімде университет қазір нарық талабына сай жаңа ұйымдастыру формасында жұмыс істейтінін түсіндіремін. Қаржының қалай жұмсалып жатқанымен бөлісіп отырамын.

Элементар мысал,көмекшілеріме де үнемі «жарықты сөндіріп жүріңдер» деп ескертем. Университеттің әрбір өкілі университетті өз үйіндей сезінсе екен деймін. Ысырапшылдық болмай, бюджетті үнемді, тиімді жұмсасақ, дамуымыз да қарқынды болады.

Жалақыны көтеру және уақытында төлеу, ұжым мүшелеріне сыйақы беру, әлеуметтік көмек көрсету де әр университеттің қаржылық жағдайына байланысты. Мысалы, соңғы 2 жылда біз оқытушылардың ғана емес, барлық қызметкерлердің айлығын көтеріп келеміз.

Кез келген ЖОО-да мерекелік сыйақы беру мүмкіндігі жоқ. Біздің университеттің әрбір қызметкері осыны түсінеді және қара шаңырағымызды бағалайды.

— Артылған қаржы есебінен студенттердің оқу ақысына жеңілдіктер қарастырыла ма?

— Біз студенттердің оқу ақысына үлкен көлемде жеңілдік беретін оқу орындарының біріміз. Басты миссияларымызды бірі – өңірдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысуды есте ұстаймыз. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялармен бірлесе жұмыс істей отырып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін студенттерге үнемі қаржылай көмек не стипендия алып береміз.

"Қазақстан халқына" қорынан да үлкен көлемде жеңілдіктер алып бердік. Осы жерде жаны ашып, студенттер үшін барын салған университет қызметкерлеріне ризамын.

Демеушілік көмекті айтпағанда, университеттің өз қаржысы есебінен биыл 90 миллион теңге көлемінде түрлі әлеуметтік категорияларға жататын 339 студентке 30, 50 және 100% көлемінде жеңілдіктер бердік. Мұның барлығы арнайы комиссия шешімі бойынша университет бюджетінен шығып жатыр, сырттан ешкім қаржы бермейді.

Кейде тұрғындар хабарласып, «үлкен мекеме емессіздер ме, неге жеңілдік бермейсіз?» деп сұрайды. Кез келген тұрғын жеңілдік алғысы келеді. Ереже мен заңдылық барын ұмытпаған жөн.

Бұл ретте айтқым келетіні, Жұбанов университеті әлеуметтік функциясын естен шығармайды. Алайда шешім дербес университет ішінде қабылданады. Университет бюджетінің де мүмкіндіктерінің шегі бар.

Тағы да сандарды сөйлетіп көрейін: өткен оқу жылында жатақханада тұру есебінен шамамен 95 млн кіріс кірсе, 270 млн шығын шықты. Өйткені, бізде жатақханада тұру ақысы айына небары 5-7 мың теңге шамасында. Соңғы 5 жылда шығын көрсек те, бағаны мүлдем көтермедік. Коммуналдық төлемдер, жиһаздар алу, кір жуу, төсектері, қызметкерлер жалақысы бар. Бұл ретте біз өңірдің әлеуметтік жағдайын естен шығармаймыз және ата-анаға қолдау көрсеткіміз келеді.

— Басқа елдерде де солай ма?

— Шетелдерде, керісінше, жатақхана — университет үшін үлкен табыс көзі. Таяуда Ұлыбританияның үш университетіне барып келдім. Ол жақта оқу орындары өңірлік экономика драйвері десек болады. Кей оқу орындарында студенттердің 60 пайызы шетелден келіп оқиды. Өз елінің студенттері үшін оқу ақысы бөлек, сырттан келетіндерге 2-3 есе жоғары. Шетелдіктерден көп пайда түсіреді.

Мысалы, Рединг университетінің аумағында технологиялық парк ашып тастаған, ол жерде алып киностудия жұмыс істейді. Бір қызығы, ол студияны басқаруға университет басшылығы тікелей араласады. Өйткені, жер – университет меншігі. Дисней мен Нетфликстің продакшн студиялары сол жерде жұмыс істеп жатыр.

Зерттеу қызметі арқылы да университет қаржы табады. Мәселен, Хериот-Уотт университеті Шлюмберже компаниясы үшін көптеген өндірістік мәселелерді шешеді. Біз-де, өкінішке қарай, мұндай практика әлі аз.

— Неліктен Жұбанов университеті 30 жылдан бері СНПС компаниясының мәселелерін шешпей келеді?

— Біз компанияның өндірістік күн тәртібіндегі мәселелерден тыс қалып қойдық.

Әрі-беріден соң, бізді компанияға жақындатпайтыны бар. Студенттеріміз практикаға кен орындарына кіре алмайды. Өз көзімен көрмесе, ғалымдар зерттеу жұмыстарын қалай жүргізеді?

«Ақтөберентген» зауыты да сонау қырқыншы жылдардан бері Мәскеумен жұмыс істеп келген. Ақтөбедегі университеттермен жұмыс істеу мүмкіндігін мүлдем қарастырмаған. Алайда жағдай түзеліп жатыр деуге болатын шығар. 2022 жылы «Ақтөберентген» зауытымен алғаш рет серіктестік орнаттық. Зауыт басшылығы тарапынан да бастама көтеріледі. Біз де сұранысқа сай ұсыныстар беріп отырмыз. Әрине, бұл қуантарлық жағдай.

Бәлкім, ғалымдарыңыз енжар, жаңашылдыққа ұмтылмайтын болар? Ректорат тарапынан оларға бағыт көрсетіп, ғылымды бизнеспен ұштастыру жолдарын қарастыру керек болар? Мүмкін, біз білмейтін басқа кедергілер бар шығар…

Бұл ретте, университетімізде ғылыммен айналысатын адамдар үлесі әлі де болса аз екенін айтқым келеді. Өйткені, тоқсаныншы жылдары ғылымға қаржы бөлінбеді. Ғылыммен айналысатын уақыт та болмады. Бүгінде сабақ жүктемесін азайттық, ғылыммен айналысуға ынталандыру мақсатында бос уақыт көбірек қарастырып жатырмыз, жалақысы да шамамен екі есе

МАҚСАТ ҚОЙМАДЫМ

жоғарылады. Ғылыммен айналысатын оқытушылар жалақысы әлдеқайда жоғары.

Әлі де іргелі зерттеулер басым, бірақ, қолданбалы сипатқа да ден қойып жатырмыз. Мекемелер бұрыннан келе жатқан серіктестермен жұмыс істегілері келеді. Дегенмен, біз де әрекетке көшіп жатырмыз.

Өңірлік проблематика жөнінде бір ғана мысал, Көкжиде тұнық су қоймасы бойынша «Қазақойл-Ақтөбе» компаниясымен келіссөздер басталған, әзірге уақыттың еншісіндегі шаруа, дегенмен меморандум жасағымыз келеді. Әзірге, келіссөз сатысында.

Әрине, потенциалымыз жетпесе, елдегі, шетелдік серіктестердегі ресурстарды жұмылдыруға қауқарымыз бар. Негізі, мемлекет тарапынан ғылымға үлкен қаржылық қолдау бар. Біз соңғы 2-3 жылда гранттық қаржыландырылатын жобалардың санын арттырдық.

— Ректор болып келгелі ағылшын тілін білетін мамандарға акцент жасағаныңызды естіп жатамыз…

— Ағылшын тілін білетін маманға акцент жасап қоймай, ұжымға ағылшын тілін меңгертуге жағдай жасап та жатырмын. Президент тапсырмасы аясында шотландиялық Хериот-Уотт университетімен бірлескен жобамызды сәтті іске қостық. Бұл жерде ағылшын тілін білмей, коммуникация жасау мүмкін емес еді. Аудармашыға сүйеніп жасайтын жұмыс емес.

Қазіргі таңда ағылшын тілі тек халықаралық қатынас тілі ғана емес, ғылым тілі де. Осымен үшінші жыл университет есебінен ұжымға сапалы ағылшын тілі курсын ұйымдастырып жатырмыз. Нәтижесінде 14 оқытушымыз «Болашақ» бағдарламасымен шетелге оқуға кетті. 30 адам Астана, Алматы қалаларына докторантураға түсті. Бұрын мұндай көрсеткіш болмаған. Олардың кейбірін 4-5 жылдан кейін көретін шығармын. Бұл бағытта жұмыстар жалғаса береді.

Бірқатар позицияға адам тартқанда тілге қатысты талап қоятынымыз да рас.

— Қаржы қозғалысының ашықтығын кімдер қадағалайды?

Директорлар кеңесіне есеп беремін. Қаржыны қайда жұмсадым, қаншасы артылайын деп тұр, еркін қаржыны неге бағыттайтынымызды ақылдасып отырамыз. Біз коммерциялық емес ұйым болғандықтан, басты мақсат – қаржы табу емес. Директорлар кеңесі есеп те сұрайды, ұсыныс та айтады. Жақсы ұсыныстар айтылады. Қаржы министрлігі өкілі де бар кеңесте.

Бұрын Жұбанов университетінде ректордың қаржы жөніндегі орынбасары болмады. Сол позицияны енгіздік. Көп сарапатаманы сол кісі айтып отырады.

Егер университет жеке компания ретінде дамыса, маркетингтік инструменттер де қолданып жатқан боларсыздар…

Университетте маркетингке тек соңғы кезде көңіл бөле бастадық. Батыс өңіріндегі аса ірі оқу орны болған соң, бізді таңдайды деген түсінік болған шығар. Алайда біз де таңдағымыз келеді.

Соңғы 2 жылда университетке түсу әрі оқу талаптарын жоғарылаттық. Нарықтағы сұранысы аз мамандықтарға түсуге шектеу, фильтр қоя бастадық. Корпустардың сыйымдылығы тағы бар. Факультетке осынша адам қабылдаймыз деп ескертеміз. Өңірде сұранысы жоқ мамандықтарға қабылдағымыз келмейді. Өйткені жас маманның болашағын ойлаймыз.

Келесі оқу жылынан бастап Хериот-Уотт университетінің филиалына ақылы түрде оқитын студенттерді әрі шетелдік студенттерді қабылдай бастаймыз. Сондықтан, маркетингтік құралдарды күшейту керек. Нарықта маркетолог табу оңай емес, олардың қызмет ақысы да жоғары.

Университеттегі студенттердің 70 пайызы осы облыстың студенттері. Биыл Ақтөбеге еліміздің Астана, Алматы қалаларынан студенттер келе бастады. Бұл – маңызды көрсеткіш. Ақмола, Жетісу облыстарынан студенттер түсті. Мұның барлығы маркетингтің жемісі. Сапалы оқу бағдарламасын ұсына алсаң, профессорлық құрамды көрсете білсең, студенттерге өткізе аласың. Тағы бір жайт, бізге түсетін қала мектептері түлектерінің саны артты. Үш жылдың динамикасына қарағанда, өсім бар. Бұрын Ақтөбе қаласының түлектері өзге қалаларға кетіп қалатын. Жұбанов бренді нығайған сайын, білім хабы ретінде Ақтөбе өңірінің де имиджі де артатынына сенімдімін.

— Сессия кезінде таныстық іздеп, ақша қыстыратындар дәуірі өтпеді ме?

— Жасыратын несі бар, бізде универге қатысты түрлі әңгіме тарайтын.

Біз академиялық талаптарды күшейттік. Бұл трансформация ауыр процесс болды. Университет шекарасын бұзуға рұқсат бермеймін. Бұл мемлекетіміздің дамуы үшін аса маңызды қадам.

Басшы ретінде өзім бір стандарт ұстанатындықтан, қызметкерлерге жеңіл. Бұзылмайтын ереже бар. Бұл ұзақ мерзімде өз нәтижесін міндетті түрде береді. Дегенмен, халықтың пікірі өзгеріп жатқан сияқты. Өзім ақтөбелік болғандықтан, естіп, біліп жүрмін. Түлектер дипломды қағаз ретінде емес, білім, құндылық ретінде бағалауға келе жатырмыз. Басқаша айтқанда, дипломды ұялмай табыстағымыз келеді.

Жұбанов университетінің іргетасы облыстағы өзге университеттерге қарағанда ерте қаланды. Ақтөбедегі басқа оқу орындарымен бәсеке туралы айту орынсыз болар. Дегенмен, олармен қарым-қатынасыңызды білгіміз келеді.

Бұрын қабылдау комиссиясына келген талапкерді біз қабылдамасақ, басқа оқу орнына кетіп қалады деген түсінік болғаны жасырын емес. Бұл түсінік қате. Әр университеттің өз контингенті бар. Өз жобалық сыйымдылығы бар. Өз академиялық талаптары бар. Мен Ақтөбедегі басқа оқу орындарының дамығанын және біз үшін шынайы бәсеке болғанын қалаймын.

— Жастар мамандық таңдауда ата-анасының айтқанымен жүретін. Қазір қалай?

— Әлі де болса, оқуды студент емес, ата-анасы таңдайтыны бар. Ақша төлейтін, яғни тапсырыс беруші ата-ана болғандықтан, бала таңдауына ықпал жасайды. Рекрутинг саласында осыны да ескереміз.

Кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысында мектеп, ата-ана, университет және тіпті кәсіпорындар біріккені жөн. Кейбір жаңа мамандықтарды кеңінен түсіндіру кемшін қалып жатады. Рөлдік модельдер жетіспейді.

— Заманауи жарнама жасауға қалай қарайсыз?

— Блогерлермен жұмыс істеуге қатысты айтар болсам, өкінішке қарай, бізде оған қаржы қарастырылмаған. Бұл қаншалықты дұрыс деген де сұрақ туындайды. Сыртқы жарнамаға ақша төлеп көрмеппіз. Достық қарым-қатынастардың көмегімен әрекет етеміз.

Кейбір мекемелер жарнама бойынша коллаб жасап жатады. Пабликтерге жариялайды, тиктокқа шығарады. Университет әлеуметтік маңызы бар оқу оқу орны болғандықтан, бізге қолдау көрсетіп, тегін жарнама жасап жатса, риза болар едік.

— «Лаура Қарабасова – ең жас ректор, жас ғалым» деп жатады. Жалпы, жеке брендке көңіл бөлесіз бе?

— Жеке брендке келер болсақ, өз басым үлкен орталарда көп жүрдім. Ғалым, менеджер ретінде қалыптастым. Ел масштабындағы ауқымды жобаларды жасауға қатыстым. Үлкен тәжірибе жинадым. Жеке парақшамда ойларымды жазып жүремін. Ғылымға қатысты постар жариялап, пайдалы ақпараты бөлісіп отыратынмын.

Ректорлық қызметке келгенде, жас шамама қарап жассынатындар болды. Стереотип болуы заңдылық. Дегенмен, профилімді ашып оқығандар менің білім саласындағы реформалар мен басқаруға қатысты ғылыми еңбектерімнің құндылығын көреді. Ғылыми ойларыма жасалған сілтемелерге қарап, халықаралық ғылыми ортадағы орнымды көреді. Содан болар, мені үлкен ғылыми орталарда жақсы танып, қабылдап жатады.

Арнайы жеке бренд қалыптастырамын деп мақсат қоймадым. Көбінесе, парақшамды ішкі түйсікке сүйеніп жүргіземін. Меніңше, қанша қаражат құйып жеке брендіңді қалыптастыра бер, бірақ, айтар ойың, жеткізер мессенджің болмаса, жасандылық бәрібір сезіліп тұратын сияқты.

Жеке брендке қатысты тағы айтарым, Ақтөбеде бұрын болмаса да, университетті білмесе де, мені танып университетке оқуға түскен жастар болды. Әрине, ондай кезде «сенімнен шыға алмай қалсам қалай болады?» деп уайымдаймын. Бір астаналық журналист құрбымның баласы да «Сіз үшін Ақтөбені таңдады» деп жазғаны бар. Әрине, сол үшін де оқу орнындағы оң өзгерістер жалғасын тауып, даму тұрақтылығы болуы керек. Репутация институтының маңызын естен шығармаймын.

— Адам тарту үшін «хайп» мамандықтар ашу ойда бар ма?

— Заманауи «хайп» мамандықтарға қатысты айтар болсам, бізде ондай мамандықтар ашуға еш кедергі жоқ. Менің ойымша, бағдарламаны айқайлатып қойып, әдемілеп ұсынуға болады. Бірақ, «ол жерде кім сабақ береді?» деген сұрақ туындайды. Атау жаңарғанымен, мазмұн жаңарды ма?

Мен талапкерлер алдында адал болғанды, нақты уәде бергенді, уәдеге берік болғанды қалаймын және сол жолды таңдаймын.

Студенттер еркіндігі, азаматтық белсенділік… керек зат па?

Студенттер – ертеңгі көшбасшылар, мамандар, ел азаматтары.

Студенттерді университет басқару ісіне тартуға тырысамын. Студенттердің тек мәдени, спорттық іс-шаралардағы белсенділікпен шектелмей, оқу сапасын көтеру процесінде де белсенді болғанын қалаймын. Негізі осы бағытта оң өзгеріс те бар.

Белгілі бір мәселелер бойынша шағымданып қоймай, ұсыныс айтып үйрене деймін. Конструктивті сын айтса және ақпарат ағымында дұрыс шешім қабылдай алса, сол маңызды.

Әдетте, маған әлеуметтік желілерде хат жазатын студенттер бар. Кейде бірқатар студент жасырын аккаунттардан жазады. Олар мәселе көтереді, жағдайларын айтады, алайда аты-жөнін көрсетпеуді сұрайды. Өзім де шара қолданғанда тиісті департаменттерге, мамандарға хат жолдағанда студенттің аты-жөнін, оның қай факультетте, қай курста оқитынын мейлінше жасырып жіберуге тырысамын. Дегенмен, меніңше, студенттердің ашық болғаны жақсы. Сыни ойлағаны, талап қойғаны дұрыс. Олардың маған сенгенін, өз аккаунттарынан, тіпті поштадан жазғанын қалаймын. Оған бәлкім әлі де уақыт керек шығар.

Университет – қоғамның айнасы әрі ажырамас бөлігі. Іштегі өзгерістер – қоғамдағы өзгерістерді белгісі. «Тамшы тас жарады» дегендей, студенттер де белсенді болса деймін.

Алдағы уақытта Жастар кеңесін қайта құруды жоспарлап жүрміз. Жалпы университет ішіндегі құрылым емес, қала мен өңір деңгейіндегі кеңес болса және өңір жастарының диалогтік алаңына айналса деймін.

— Әңгімеңізге рақмет, қызметіңізге табыс тілейміз!

Материал Isker Tilshi басқосуында болған сұқбат негізінде әзірленді. Сұрақ қойғандар – Isker Tilshi жобасының тұрақты қатысушылары **Данияр Сағидолла, Бекзат Машимов, Мамырбек Мұқанбетқазы** және **Асқар Ақтілеу.**

Tilshi.kz ақпарат агенттігі

Zhubanov University мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталыны еске алуға арналған іс-шаралар өткізді.

"Философия ғылымдарының докторы, профессор Айталы Амангелді ағамыздың өмірден өткеніне де 1 жыл өте шығыпты. Университеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде ғана емес, адамгершілік тұрғысынан кеңес беріп, қолдау көрсеткен үлкен тұлға еді.

Халқы үшін адал қызмет еткен Амангелді ағаның ғылыми мұрасы университетте бірге қызмет еткен әріптестерінің және ағайдың шәкірттерінің жадында сақталады.

Бүгін университетімізде Амангелді Әбдірахманұлын еске алуға арналған шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Құрметті әріптестер!

Айталы Амангелді Әбдірахманұлы атындағы ғылыми оқу залының ашылуына, ағамыздың өмірі мен ғылыми мұрасына арналған естелік кітабының тұсаукесеріне, «Профессор А.Ә.Айталының ғылыми-педагогикалық мұрасы және қазіргі Қазақстандағы руханият мәселелері» тақырыбындағы республикалық ғылыми конференцияға қатысуға шақырамын",- деп жазды ректор Лаура Қарабасова Facebook парақшасында.

Елеулі тұлғаның есіміне құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылған республикалық ғылыми конференцияның Пленарлық мәжілісіне Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінова, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Алихан Байменов, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, ақын, журналист Ханбибі Есенқарақызы, философия ғылымдарының кандидаты, Абылай Мұхамбетжан, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Семей филиалының директоры Бауыржан Ердембеков қатысып, Амангелді Айталының өнегелі өмірі жайлы әңгімеледі. Іс-шара барысында университеттің бас оқу ғимаратында ашылған Айталы Амангелді Әбдірахманұлы атындағы ғылыми оқу залында "Зерделі ойдың зергері" естеліктер топтамасы басылған кітап таныстырылды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, академик Амангелді Айталы 1939 жылы 10 қыркүйекте Ресейдің Астрахан облысы Володарск ауданына қарасты Торсық (Турсовка) ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Атырау педогогикалық институтында "Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі" мамандығы бойынша жоғары білім алған, 1967 жылы ҚазҰУ-дың аспирантурасын тәмәмдаған. Философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Ақтөбе облысының құрметті азаматы.

1999-2004 жылдар аралығында екінші шақырылымдағы және 2004-2007 жылдардағы үшінші шақырылымдағы ҚР Парламентінің депутаты. Ол 11 монография мен оқу құралдарының, 170-ке жуық ғылыми мақалалардың авторы.

«Құрмет» белгісі, «Парасат» ордені, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Ханбибі Есенқарақызына берген сұхбатында отбасы туралы айта келе "Балаларымның анасы — Айман ертеректе қайтыс болды. Қазіргі жеңгем Гүлжан тәрбиелі, сыйлы отбасынан шыққан. Біздің үйге келгеннен кейін менің алыс-жақын туыстарымның, достарымның, сыйлас адамдарымның арасына тез сіңіп, жақын болып кетті. Бір күні Гүлжан базардан гүлдердің тұқымын алып келіпті. Маған: «Ертең Айман апайдың басына барып гүл егейік, Айбарға да айтайық» (Ақтөбеде тұратын ұлымыз, өзге екеуі Нұр-Сұлтанда, Алматыда) деді. Солай болды, гүл егіп, үйге келгеннен соң, құран оқып, шай іштік. «Гүлжан, бұл бір жақсы іс болды, марқұмның аруағы риза болған болар» дедім.Сонда ол: «Мен апайдың аруағын сыйлап өтемін» деді. Іштей қатты риза болдым, бірақ ештеңе демедім. Бұл ата-анасының тәрбиесінен болар деп ойладым. Сол үрдіс күні бүгінге дейін жалғасып келеді", — деп өмірсерігі жайлы жылылықпен айтып еді.

Назарға Амангелді Айталының аманат қалған рухани мұрасын жинақтап отырған жұбайы Гүлжан Битөренің зерделі ойдың зергері болған ері туралы тебіренісі.

Гүлжан БИТӨРЕ:

Жан жарыммен өткен бақытты жылдарым

Ары таза, жүрегі кең, ойлап сөйлеп, ақыл-кеңесімен отбасын тәрбиелейтін нар тұлға, асқар тау әке, мейірімді ата, кішіпейіл жұбай Амангелді Айталы Абдрахманұлы 2022 жылдың 21-ші желтоқсанында, суық, ызғарлы күні, облыстық аурухананың жансақтау бөлімінде тіршілік өмірді тастап, фәниге бақылық болып, аттанып кетті.

Бұл қайғы балаларды, немерелерді, мені қатты есеңгіретіп жіберді. Сенгіміз келген жоқ, бірақ амал қанша.

Мен Әбекеңмен 35 жыл бірге өмір сүрген екенмін, уақыт жылдам сырғып өтіпті, 35 күндей де болмады. Айтылмаған сөз көп, ақтарылмаған сыр қалып қойыпты. Міне енді Әбекең жоқ, көз жасымды сығып, шерімді, ойымды қағазға түсіріп отырмын.

Бір қарағанда Әбекең өте ызғарлы сияқты болып көрінеді, бірақ ол өте мейірімді, жай сөйлеп, ақыл-кеңесін айтып, балаларды, мені тәрбиелейтін еді. Ал немерелеріне келгенде, ол мүлдем бөлек адам, көзінен соларға деген нәзік сезім, аталық қамқорлық, сүйіспеншілік, махаббат төгіліп тұратын. Ол адам балалардың Әкесі, немерелердің Атасы, менің жарым Әбекең еді.

Әбекеңнің өмірі оңай болған жоқ, екі жасында әкеміз Ұлы Отан соғысында қаза тауып, анамыз сауатсыз болса да ағай мен Әбекеңді жетектеп, жақсы тәрбиелеп, дұрыс бағыт беріп, өсіріп, оқытып, таза адамгершілік мінезді бойларына сіңіріп өсірген. Екеуі де өнегелі отбасы, балалы-шағалы болып, атамыз бен анамыздың атына кір келтірмей, сыйлы азаматтар болып өнді, өсті.

Әбекең жеті класс бітіргенде Астрахан облысының Володар ауданында педучилище ашылып, оған ылғи әкелері соғыста қаза тапқан ұл балаларды алатын болған. Анамыз сельсоветке барып, мына Амангелдінің қолынан оқудан басқа дым келмейді, ол балықшы бола алмайды, не істеймін дегенде мектеп директоры анамызға "ол өте жақсы бағамен оқуды бітірді, оны училищеге беріңіз, әрі қарай оқысын, мұғалім болады деген екен. Сол училищеде Әбекең үздік бағамен оқып, стипендия алып, бірінші стипендиясын анамызға әкеліп берген. Анамыз шексіз қуаныш, стипендиясына азық-түлік алып, дастархан жайып, ауылдың үлкендерін шақырып, батасын алыпты. Ағамыз да армиядан келіп, үйленіп, бала-шағалы болып, анамыздың арқасында екі ұлы да жетіліп, жақсы тәрбиелі, үлгілі азаматтар болды. Ағамыз шофер, ал Әбекең училищені бітіріп, екі жыл мұғалім болып жұмыс істейді.

Одан кейін Гурьев пединститутына оқуға түседі. Бұл 1959-1964 жылдар аралығы болатын. Ол оқып жүргенде Ленинский стипендиант болып, оқуды үздік бітіреді, сол жылы институтқа Алматыға аспирантураға бір орынға жолдама келеді. Оған Әбекең және тағы бір институт түлегі емтихан тапсырған кезде, Әбекең өтіп, С.Киров атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасына қабылданады. Ол кезде отбасын құрған, қызы Алтын кішкентай, оны анамыз бен жеңгеміздің қолына қалдырып, Айман екеуі Алматыға жол тартады.

Алматыда 1967 жылы Айбар дүние келеді. 1968 жылы аспирантураны бітіріп, қорғап, кандидат ғылыми дәрежесіне ие болды. Сол уақытта Ақтөбеде пединститут ашылады, ғылым кандидаттары мен профессорлар тапшы кез. Пединституттың ректоры П.С.Щетинин ҚазМу-ге кадр мәселесімен барған екен, ол кісіге Әбекеңді ұстаздары кездестіріп, сол кісінің шақыруымен, семьясын алып, Ақтөбеге қоныс аударады. Ақтөбеге негізінен Әбекең жақсы сіңісіп, абыройлы еңбек етіп, докторлығын Мәскеу қаласында қорғап, Ақтөбе елінің сыйлы азаматы болды.

Өмірдің қуанышы мен қайғысы қосарланып жүреді ғой. Балалардың анасы Айман көп уақыт ауырып, сол дерттен бақылық болып кетті, иманды болсын дейміз. Бұл уақыттар өте ауыр соққы болды.

Ондай жағдайды тек ұстамды, ақылды, парасатты адам ғана жеңе алады. Үш баламен қалған Әбекең балаларын бағып, әрі қарай қиын сынақта өмір сүруге мәжбүр болды.

1986 жылы Мәскеуде қорғайын деп дайын тұрған диссертациясын желтоқсан оқиғасына байланысты қорғатпай тастаған. Соны қолға алып қайта өңдеп, толықтырып жаза бастады. Осылай балаларын өсіріп, жұмысын істеп, диссертациясын жазып Әбекеңнің өмірі әрі қарай жалғаса берді.

Сол кез Айбардың армиядан келген кезі, Айдар Шымкентте Суворов училищесінде оқитын, ал Жанар болса 6 жаста, бірінші сыныпта оқыды.

Жалғыздық тек бір құдайға жарасқан деп, араласып жүрген өзімен сырлас ағалары, жолдас-жоралары Әбекеңе кеңес береді, балаларды күтіп, қарайтын, отбасының түтінін өшірмейтін, жаны таза, адал адамға үйленуге бел буынуына шешім қабылдауына ақыл айтады. Сол ағалары өздерінің де білетін адамдарды айтып, сөйлесіп көруін өзіне жүктейді.

Осылай тағдырдың жазуымен сол ағалардың үйіндегі жеңгелеріміз менімен сөйлесіп, көндіріп дегендей, біз осылайша 1988 жылы Әбекең Айманның, мен анамның қазан айында бір жылдық садақасын бергеннен кейін басымызды қостық.

Қосылғаннан кейін Әбекең қазанның 25-де Мәскеу қаласына диссертациясын жалғастыруға кетті. Мен, Айбар, Жанар үшеуміз үйде қалдық, осылай бір- бірімізге үйреніспіз, әрі қарай өмір жалғаса берді.

Желтоқсан айында Абекең диссертациясын жақсы қорғап, үйге келді. Барлық комиссия мүшелері қолдап, дауыс берген. Сонда бір профессор былай депті: "Айталиев очень грамотный, кругозор у него велик, тема ваша очень сложная, но вы отлично справились, мы довольны вами за вашу серьезную работу, над которой вы работали очень кропотливо и долго. И мы все единогласно проголосовали".

Ақпан айында ФАК- тан философия ғылымдарының докторы ғылыми атағын иелену туралы растау қағазы келді. Сондағы Әбекеңнің қуанышын көрсеңіз, он жылдай еңбегінің нәтижесінің еш кетпегеніне, бағаланып, жоғары ғылыми лауазымын алғанына. Бұл дәрежеге жеткені ол көп оқығаны мен ізденісінің арқасында жетіп еді.

Уақыт деген зымырап, сынап сияқты тез өтеді екен ғой.

35 жылдың қалай өтіп кеткенін байқамай қалдым. Мен өміріме ризамын, осындай Әбекең сияқты адал, қамқоршы адамға кездескеніме Алла тағалаға рақметімді айтамын.

Әбекеңнің арқасында көп зиялы, керемет адамдармен танысып, солардың ортасында болып, даналық сөздерін естіп, Абекеңе лайық болуға, оның құрметті қонақтарын күтіп, әр уақытта дастарқанымды жайып, жоғары деңгейде қарсы алуға тырыстым.

Әбекең 1999 жылы ойламаған жерден Парламентке депутат болып сайланды, сол жылдың қараша айында Астанаға қоныс аударды. Әбекең сонда 60- жылдық мерей тойын өткізіп жатқанда айтқан «Тәуелсіздік деген осы, Одақ уақыты болса мен қазір зейнеткерлікке шығып жатар едім, ал енді, міне, сіздер куәгер болып отырсыздар, Қазақстан еліміздің төріне барып, жаңа астанамызда өзімнің білігімді, оқығанымды, бар қайрат-күшімді еліміздің болашағына, көркеюіне салып, жұмыс істеймін, Ақтөбе халқының сенімін ақтаймын деп уаде беремін" деген жүрекжарды сөзі жадымда қалды.

Айтқанындай сегіз жыл Парламентте еңбек етті, біраз мәселелерді ортаға салып, сонын шешімін іздестіріп, сондағы депутат азаматтармен бірге абыройлы жұмыс істеді. Көп зиялы қауыммен, бұрын кітап, газет, телеарнадан білсек, ол жақта Шерхан Мұртаза, Қаратай Тұрысов, Фариза Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев, Бакір Абдіжалел, Мұхтар Шаханов, Тоқтар Әубәкіров т. б. танымал адамдармен танысып, білген білімін ортаға салып, абыройлы жұмыс атқарды.

Әбекең көп оқыды, ол Ақтөбеде тұрғанда да, Астанаға қоныс аударғанда да ресейлік журналдарға жазылып уйге алады, ол журналдар: "Вопросы философии", "Общественные науки и современность", "Социологические исследования", "Социально-гуманитарные знания". Сосын бүкіл орталық қазақстандық газет-журналдар: "Ақиқат", "Мысль", "Жұлдыз", "Жалын" т. б. Бұл басылымдарға Әбекең жиі мақалалар жазып отырды, негізінен радио, телеарналармен де тығыз байланыста болды.

Ылғи өз ойларымен, пікірімен халықпен бөлісіп, жеткізіп отырды.

Соңғы кезде айтатын еді, көп нәрселерді жазыппын, соны неге шығармағанмын деп.

Негізінен Әбекең өте сыпайы, мәдениетті адам, ал сырт көзге қарағанда еңсе бойлы, түсі суық сияқты, кейбіреулер қасына барып сөйлесуге батылы бармайтын, бірақ оның ішкі жүрегі нәзік, ұлтжанды, тілдің бүгінгі мен болашағына өте көп мән беріп, алаңдап, қиналатын еді.

Көп жазған, білген заттарын сыртқа шығара бермейтін. Алайда журналистермен сұқбаттасса бірталай заттарды айтып, шешіліп әңгімелесетін. Ол өте кішпейіл еді, сұрамаса ешкімнің алдына шығып бей жай сөйлей бермейтін. Кітаптарын, мақалаларын жазғанда өз-өзіне қатты талап қойып, жазғандарына сын көзімен қарап түзейтін. Соңғы кездері мен Әбекеңе ноутбукпен теріп көмек беретін едім, сонда жазбаларының бірнеше рет сөйлемдерін өзгертіп, қателерін қайта-қайта түзеп, жазатын еді. Оншақты кітаптары шықты, монографиялары, газет, журналдарға мақалары, сұқбаттарының жинағы. Ресейлік журналдарға мақалаларын жіберіп тұрды. Біз үйде үшеуміз де Әбекең, Ақсұңқар, мен көп сөйлемейміз, әрқайсымыз өз шаруамызбен айналысатынбыз. Санаторийға барсақ жазатын қағаздарын, кітап, қаламдарын ала жүреді. Әбекеңнің бар болмысы оқу еді.

Алдында жаздым ғой, атамыз соғыста, 1942 жылы шейіт болды деп. 2014 жылы шілде айында ұлкен ұлымыз Айбар «Книга Памяти» деген сайттан Әбдрахман атасының қайтыс болғаны туралы ақпарат тауып, құжаттарын интернеттен шығарып, папасына әкеліп көрсетті. Кабардино – Балкария, Майский ауданында Бауырластар зиратында 99 Отан қорғаушы жерленген екен. Сол зиратқа ұзақ уақыт Колодей деген кісі отбасымен күтім жасапты. Ол Бірінші ұлы Отан соғысының ардагері, Георгий орденінің кавалері. Ауыл балаларын жинап, "Мына жерде 99 Қызыл армия солдаттары жерленген, біздің осындай бейбітшілік өмірге жетуіміз үшін фашистермен шайқасқан. Соны естеріңде сақтаңдар" деп тәрбиелеп отыратын болған. 2014-шы жылы Колесников деген меценат зират басына стелла орнатыпты. Стелланы бекітуге бүкіл Терекско-Майский округінің тұрғындары ат салысқан. Осы ақпараттарды білгеннен кейін, көп ұзамай жолға жиналып, Майскийге бардық. Сонда Павел Кармалико деген қалалық казактар орталығын атаманы ның айтқаны есімде қалыпты, "Оқушы кезімізден зиратты күттік, енді қорғаушы солдаттардың рухын құрметтеп Стелла қойдық деген. Біз Астраханнан, атамыздың туған жерінің топырағын алып барып, сол Стелланың жанынан кішкене шұңқыр қазып салдық, сосын кейін ол жердің топырағынан да алып келіп, ауылдағы ата- бабалары, анамыз жатқан қорымға септік. Әбдрахман әкемізді сол шайқастағы ерлігі үшін Ленин орденімен наградталсын деген құжатты да таптық. Бірақ әкемізге Приказ "Орден ВОВ I степени" деп жазылып кеткен. 2021 жылы орденнің құжатын ресейлік консул үйге әкеліп табыс етті. Сондағы және Майскийге барғанда Әбекеңнің күйзелісі, көз жасын тыя алмағаны әлі көз алдымда. Құжатты қолына алғанда «Для меня война закончилась сегодня, 2021 году, 11 августа» деп көз жасын сүртіп еді.

Астраханда ағайдың жұбайы Аққүріш жеңгеміз бар еді, ол кісі де 2023 жылдың 8 шілдесінде о дүниелік болды. Иманы саламат болсын!

Әбекеңнің мазарын көтердік, тастан қалап, кітаптарының макетін жасадық, өмірде айналы кітапқа толы еді, о дүниелік болғанда да қасында кітаптары жатыр.

..Жан жарыммен өткен бақытты жылдарым көңіліме демеу.

Дайындаған Г.Қараша

☑ Faculties

Special pages
Арнайы беттер

ZHUBANOV UNIVERSITY

ЖАҢАРТЫЛҒАН ФАКУЛЬТЕТТІҢ

ЖАҢА ҚАДАМДАРЫ

Мекенжайы:
Гришин көшесі 7А
Н.Байғанин атындағы оқу ғимараты А,Б корпустары
Instagram: @zhubanov.f.l
Facebook:
Шетел тілдері факультеті
Жұбанов университеті

ZHUBANOV UNIVERSITY ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

Шетел тілдері факультетінде сапалық құрамы талапқа сай жоғары білікті профессор-оқытушылар қызмет жасайды, оның ішінде 1 ғылым докторы, 8 – ғылым кандидаты, 6 – Ph.D. доктор, 31 – магистр.

Факультеттегі оқу үдерісін жоғары білікті мемлекеттік және ведомостволық марапаттары бар профессор-оқытушылар жүзеге асырады, оның ішінде «Министрдің алғыс хаты» – 3, «Ректордың алғыс хаты» – 11, «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ медалі» – 5, «Әкімнің алғыс хаты» – 4, «Облыстық кәсіподақ марапаттары» – 6, «Болашақ» бағдарламасы стипендиясының иегерлері – 6, Гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпаздары – 2.

Шетел тілдері факультетінің дамуы оның материалдық-техникалық базасын нығайтумен, оқу-әдістемелік және ғылыми деңгейін көтерумен, білім беру мекемелерімен және түрлі орталықтармен тығыз байланыста жұмыстар атқарылады.

Факультет материалдық – техникалық базасы 45 аудиториядан тұрады, оның ішінде дәрісханалар – 5, бейнезал – 1, медиатека – 1, оқу кабинеттері – 38.

Білім беру бағдарламалары
Бакалавриат

6В01706	Шетел тілі: екі шетел тілі
6В02302	Аударма ісі
6В02303	Шетел филологиясы
6В01707	Ағылшын тілі және информатика

Магистратура

7М01706	Шетел тілі: екі шетел тілі
7М02302	Аударма ісі
7М02303	Шетел филологиясы

Докторантура

8D02303	Шетел филологиясы